

DÚBIR

ЖОШЫ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

2-бет

KÚN TÁRTIBI

АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

3-бет

ZERDE

ТАЛАНТҚА ТАБЫНАЙЫҚ

4-бет

RÝHANIAT

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

6-бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САПАРЫ

ҰЛТ МӘДЕНИЕТІН АСҚАҚТАТҚАН

II «Jezkiik» Халықаралық музыка фестивалі Мемлекет басшысының қатысуымен ерекшеленді

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалалары аясында биыл екінші рет ұйымдастырылған Халықаралық этникалық музыка фестивалі Ұлытауда 22-24 тамызда өтіп, соңғы күнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ерекшеленді. Фестивальмен қатар басталған «Ұлытау-2019» Халықаралық туристік форумы мен ауыл жастарының республикалық форумы да мәдени іс-шараның мазмұнын байытты.



► 2-бетте

ӨНДІРІСТІ ӨҢІРДІҢ КЕЛЕШЕГІ – КЕМЕЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жұмада «Kazakhmys Smelting» ЖШС-нің Жезқазған мыс балқыту зауытында болды.

Қазақстан Президенті әлемде суранысқа ие мол өнім түрлерін шығаратын қаламыздағы алып өндіріс ошағының жұмысын танысты. Мемлекет басшысын өндіріс ошағында Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов, «Kazakhmys Holding» ЖШС президенті Владимир Ким, «Kazakhmys Holding» ЖШС, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай бастап жүрді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2018 жылы желтоқсанда зауытта мыс өндірісін жылына 100 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік беретін екінші кен қыздыру пеші іске қосылғаны жөнінде айтылды.

Ел азаматтары атынан ардагер қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі Батырбек Мырзабеков,



зауыттың кран машинисі Гүлжан Ергалиева сөз алып, Мемлекет басшысына өңірдің тыныс-тіршілігін баяндап, Жезқазған аймағына мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық үшін алғыс айтты.

шыларымен әңгімелесу барысында ел игілігіне сіңірген зор еңбектері үшін оларға ризашылық білдіріп, өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру шаралары өлі де жалғаса беретінін атап өтті.

Дархан МҰХАН

Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!

Сіздерді еліміздің басты мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Былғы мереке алдағы тарихи оқиға – Ата заңымыздың 25 жылдық мерейтойына дайындықтың бастауы ретінде ерекшеленуде.

1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция саяси жүйе тұрақтылығының және оның сабақтастығының негізгі кепілі болып табылады. 2017 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде билік тармақтары арасында функциялар мен өкілеттіктерді бөлу күшейе түсті. Қолданыстағы Конституция әлеуметтік-экономикалық процестерді бейнелейді және сот-құқықтық жүйесінің кәсіби жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, қоғамдық сураныстарды «естуші және түсіндіруші» мемлекет моделін дамытуға мүмкіндік береді. Осының барлығы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев негізін қалаған еліміздің конституциялық дамуының нақты айқындалған тұжырымдамасының арқасында мүмкін болды.

Біздің көпұлтты мемлекетіміздің тұрғындарының болашағы барлық азаматтардың құқықтарының толықтығын, олардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етумен, азаматтық бейбітшілік пен келісімді сақтаумен тығыз байланысты. Оның кепілі ҚР Конституциясы болып табылады.

Сіздерге зор денсаулық, келісім мен бейбітшілік тілейміз, әр отбасында бақыт пен аманшылық салтанат құрсын! Қазақ елі тұрақтылық пен прогресс негізінде өркендей берсін!

Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ

Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, қымбатты оқушылар мен студенттер!

1 қыркүйек – бұл жаңа оқу жылының басталуы ғана емес, бұл күні біз Білім күнін атап өтеміз. Білім күні – біздің әрқайсымыз үшін ізгі, жарқын, игілікке шақыратын ерекше мереке. Бұл күн біздің әрқайсымыз үшін ғылым мен қоғамдық өмір заңдарың, ғажайып білім мен жаңалықтар әлемін меңгерудің қиын да өте қызықты жолының бастауы, сондай-ақ, ата-аналар үшін де маңызды сәттердің бірі болып табылады.

Білім өлеміне жетелейтін таптырмас жолсерік, дана тәлімгер, мейірімді кеңеші – ол ұстаздар. Біз ұстаздарға ерен еңбектері үшін алғысымызды білдіре отырып, мемлекеттік маңызы зор жауапкершілік жүгін көтеруді, жасампаз болашақтың дәнекер кепірі – ол ұстаздар деп айтымыз келеді.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, қымбатты оқушылар мен студенттер!

Жаңа оқу жылы жемісті, қызықты және жарқын сәттерге толы болсын! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілейміз, алға қойған мақсаттарыңызға жетіп, табысты болуларыңызға тілектеспіз!

Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ

Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

ҰЛЫТАУ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ОРТАЛЫҒЫ БОЛУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзі

Құрметті форумға қатысушылар!

Қасиетті Ұлытау жеріне қош келдіңіздер!

Бұл – бүкіл Қазақ елі қадір тұтатын қастерлі өлке. Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі.

«Үш жүздің басын қосқан Ұлытауда» бабаларымыз ұлттың келешегін ойлап, бірліктің туын желбіреткен.

Қалың қауым осы киелі өлкеде ел беліген хандарды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызған.

Сондықтан біз Ұлытау жеріне Хан ордасы, қазақ жерінің кіндігі деп, ерекше құрметпен қараймыз!

Қасиетті мекеннің қадір-қасиетін барша әлемге танымал ғұламалар да мойындаған.

Бұған әйгілі Геродоттың жазбалары дәлел.

Ұлытау топырағы – алып тулғалардың рухы тоғысқан жер. Халық бұл жерге Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл кесенелері, Хан ордасы мен Әулиетаудай киелі орындарды көру үшін келеді.

«Азияның арыстаны» атанған атақты Ақсақ Темір де осы өңірге ат шалдырған.

Ұлытау аңыздарында ұлттың ұйысуы, жұрттың жұмылуы айқын көрініс тапқан.

Тірілігінде егесек, топырағы теңескен батырлар туралы әңгімелер осы мақсаттан туған.

Бір-бірін дауға қиса да, жауға қимаған халқымыз береке-бірлікті бәрінен жоғары қойған.

Бабалардан қалған салт-дәстүрлерді бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастыруы тиіс.

Елбасымыз осыдан бес жыл бұрын Ұлытау төрінде арнайы сұхбат беріп, қасиетті мекеннің мен-маңызын ерекше атап көрсеткенін білесіздер.

Сол себепті біз бүгін киелі өлкеге тағзым етіп, оның келешегі жөнінде ой бөлісу үшін Ұлытау жерінде бас қосып отырмыз.

Тарих терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз.

Бүгінде атқарылған жұмыс аз емес. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи мұражай қорығы ел игілігіне айналды.

Ұлытау ауданының орталығында Қазақ хандарының алғашқы бой көтерді.

Енді еліміздің осындай баға жетпес бай мұрасын өзге жұртқа танытудың жаңаша жолдарын ойластыруымыз керек.

Мысалы, Моңғолия Шыңғыс хан тулғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр.

Ал Ұлы ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді.

Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын.

Сондықтан, Біз Алтын орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет.

Оның тарихи тулғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет.

Ұлытау – халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығы болуы тиіс.

Бұл жұмыстар Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу аясында басталуы қажет.

Ашығын айту керек, қазіргі отандық туризм индустриясы – кенже қалып келе жатқан сала. Жыл сайын қыруар қаражат салсақ та, бұл сала толыққанды дамымай отыр.

Ал Қазақстанның барлық өңірінде туризм аймағы болуға лайықты киелі орындар жеткілікті. Түркістан мен Отырар, Сауран мен Сығанақ, Шерқала мен Оғуланды, Берел мен Марқакөл Баянауыл мен Қарқаралы, Шарын мен Көлсай жұрттың құндылығына айналуы тиіс.

Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата, Бейдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мөшһүр Жүсіп, хакім Абай, тағы басқа көптеген дара тулға есімін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі, яғни біздің заманымыздың талабы.

Біз қазақ халқы, ұлы тарихи тулғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек.

Сондықтан еліміздегі туризм



саласының қазіргі ахуалын түбегейлі өзгертетін уақыт келді. Бұл жұмыстарды Ұлытаудай қасиетті жерлерден бастауымыз қажет.

Құрметті форумға қатысушылар!

Қазақстан көне өркениеттер мен ірі көлік жолдарының қиылысында орналасқан. Еліміз сан ғасырлардан бері Еуразия жеріндегі аса маңызды мәдени-тарихи және рухани орталықтардың бірі болып келеді.

Қазақ даласында киелі, қасиетті жерлер өте көп. Солардың бірегейі – Ұлытау. Бұл – еліміздің алтын бесігі, халқымыздың ынтымақ-бірлігі мен тәуелсіздігінің символы.

Бүгінде осы киелі тарихи мекеннің туристік әлеуетін арттыру – маңызды міндеттердің бірі.

Қазіргі таңда шетелдік меймандарды бес жұлдызды қонақүйлер мен курорттар емес, түрлі халықтардың мәдениеті, салт-дәстүрлері, тарихи ерекше қызықтырады.

Сондықтан әлемде өзіндік ерекшелігі бар жерлерге баруға, тарихи фестивальдарға қатысуға және аса маңызды оқиға орындарын қайта жаңғыртуға деген сұраныс артып отыр.

Біз осындай мүмкіндіктерді тиімді пайдалануымыз керек. Себебі қазақ даласында дүние жүзі жұртшылығына көрсетуі лайықты жерлер жеткілікті.

Келешекте Қазақстан шетелдік және отандық туристер үшін аса тартымды аймаққа, сондай-ақ, әлемдік этнотуризм орталықтарының біріне айналуы мүмкін.

Осы мақсатпен біз арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдадық. Бұл бағдарламаның толық іске асырылуы ІЖӨ-дегі туризмнің үлесін 8%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сырттан келетін туристердің саны 9 миллионға, ал ішкі туристердің саны 8 миллионға дейін өсуі тиіс. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың санын 650 мыңға жеткізу қажет.

Алайда тұрасын айту керек, туризм – өте күрделі сала. Осы салада еңбек ете алатын білікті, арнайы мамандар даярлау қажет. Ең алдымен осы мақсатты жүзеге асыру үшін біз Туризм университетін ашу жөнінде шешім қабылдадық.

Еліміздегі туризм бизнесін өркендету үшін жүйелі әрі нақты шаралар қабылдау қажет.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан жері мәдени мұралардан кенде емес. Еуразияның жүрегі саналатын еліміз көне өркениеттер мен сауда жолдарының тоғысқан жерінде тұр. Ұлан-байтақ даланың Шығыс пен Батыстан, Оңтүстік пен Солтүстіктен келген сан алуан халықтардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынасын жасайтын орталығы болды.

Бүгін біз баршамыз киелі Сарыарқа жерінде, Әулиетауда бас қосып отырмыз.

Сіздер Жошы хан және Алаша хан кесенелеріне, Хан ордасы мен Әулиетау сынды көне жерлерімізді көріп, тарихымыздың тереңіне бойладыңыздар.

Бұл форумның негізгі мақсаты – еліміздегі туризмнің қар-қынды дамуына жағдай жасап, әлемнің түпкір-түпкірінен келетін меймандарды қазақ жеріне деген ерекше қызығушылығын ояту.

Отандық туризмнің дамуына жаңа серпіл қажет. Сондықтан, осы форумға қатысу үшін арнайы келген шетелдік қонақтарымыздың бөлсенді қолдауы біз үшін өте маңызды.

Қазақстанның бай тарихи мұрасын күллі әлемге танытуға сіздердің мол тәжірибелеріңіз оң ықпал етеді деп

сенеміз. Бұдан бөлек, дәл осындай өзара белсенді іс-қимылдар біздің мемлекеттеріміздің арасындағы байланыстарды нығайтып халық-тарихымыздың жаһандық тарихи мұраларға деген құрметін арттыра түсетіні сөзсіз.

Құрметті қауым!

Отандық туризмді өркендету үшін мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Бірінші. Ұлытау аймағы міндетті түрде Қазақстанның туристер тарту қартасының алдыңғы қатарында болуы тиіс.

Бұрын жобаланған «Ұлытау» ұлттық табиғи паркін құру мәселесін жүзеге асыру керек.

Был мұнда туристер үшін арнайы орталық ашылуы тиіс.

Бұл үшін облыс әкімдігі Үкіметпен бірлесіп, қазіргі көлік-логистикалық инфрақұрылымды қажетті тәртіпке келтіруі керек.

Өңір туризм әрі демалыс аймағына айналуы үшін жолдардың сапасын жақсарту қажет.

Жезқазған – Бейнеу, Арқалық – Шүбаркөл теміржолдарының іске қосылуы – Ұлытау үшін өте маңызды.

Теміржолмен қатар автожолдардың жағдайына көңіл бөлінгені өте қажет.

Қазылорда – Жезқазған – Қарағанды – Нұр-Сұлтан қалалары арасындағы жолдарды жедел ретке келтіру керек.

Сонымен бірге Арқалық – Ұлытау автожолының ахуалы күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Екінші. Озық инновациялық шаралар арқылы Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Мәдениет және спорт министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туристерге Қазақстан туралы ақпараттар, соның ішінде Ұлытау мен өзге де тарихи жерлер жөнінде қажетті мәліметтер ұсыныатын арнайы қосымша немесе платформа әзірлеуі тиіс.

Үшінші. Туризм индустриясының мультипликативті әсерін ескере отырып, қонақүйлерің, тамақтану орындарың және Қазақстанның барлық аймақтарында демалыс орталықтарын салу үшін кәсіпкерлерді тарту қажет. Бұл бағытта «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану керек.

Төртінші. Ұлытау туристік мекенге, демалыс аймағына әрі ұлы бабаларға тағзым ету орталығына айналуы тиіс.

Бұл өңірге қазақ тарихының символы болатын ескерткіш-ансамбль орнату қажет.

Қасиетті Ұлытау – ұлтты ұйыстырудың, елді біріктірудің негізі.

Бұл бастамалар халқымыздың ұлттық бірегейлігін нығайта түсуге оң ықпал етеді деп сенемін.

Ұлытаудың тарихи мен тағылымын жастар тәрбиесі мен отандылықты, ішкі туризмді дамытуға пайдалану керек.

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – дәл осындай халықтық жобалардың қайнар көзі.

Сондықтан, ұлы тарихтың куәсі – Ұлытау ұдайы мемлекет назарында болмады.

Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев бұл киелі мекен «Тауының биіктігінен немесе суының молдығынан емес, ұлы қауымының бас қосқан жері болған соң Ұлытау деп аталған» дейді.

Сондықтан ұлттың ұясы, бірліктің бесігі – Ұлытауды ұлықтау – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Баршаңызға табыс тілеймін!

Ұлытау, 24 тамыз, 2019 жыл

SARYARQA-AQPAPAT

ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы, Кеңес төрағасының орынбасары Қырымбек Көшербаевтың басшылығымен ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бірінші отырысына дайындық жөніндегі ұйымдастыру кездесуі болды.

Кездесу жұмысына Ұлттық кеңестің мүшелері қатысты. Оның аясында Ұлттық кеңес қызметінің бағыттары мен тетіктері, Ұлттық кеңестің бірінші отырысын өткізуге дайындық мәселелері талқыланып, жұмыс топтары құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 шілдедегі №63 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі туралы Ережеге сәйкес, Ұлттық кеңес мүшелеріне куәліктер тапсырылды.

ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің Бірінші отырысын 2019 жылғы 6 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында өткізу жоспарланды.

ПОЙЫЗ ЖОЛАУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ?

Пойызда шылым шегуге тыйым салу, жол билеттерін қайтарғаны үшін айыппұлды алып тастау және билет алысатарларымен күресті күшейту шаралары күшіне енді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің тиісті бұйрығы 28 тамыздан бастап күшіне енді.

«Атап айтқанда, бұл өзгерістер заңсыз билет алысатарларға қарсы бағытталған шаралардың бірі болып табылады. Ол ең алдымен, жолаушылардың ұйымдастырылған тобының жол жүруі мен рәсімделуіне қатысты. Енді заңды тұлғалардан тапсырысты заңды тұлғаның электронды-цифрлық қолы бойынша рәсімдеуге болады. Билет бұрынғыдай топтың барлық мүшесіне бір бланкта емес, әрбір жолаушыға бөлек рәсімделеді. Резервке қойылған орындарды сатып алу мен тапсырыс беру мерзімі де өзгертілді. Жолаушылардың ұйымдасқан тобының алғашқы тізіміне өзгерістер енгізу бойынша шектеу бар. Қайтарылмайтын депозит көлемі топтың жалпы жол жүру құнының 30%-ын құраса, бұрындары бір орынды резервке қоюға 290 теңге көлемінде алым алынатын», — деп хабарлады компанияның ресми өкілі Диас Ахметшәріп.

Бұдан басқа, барлық топтағы мүгедек тұлғаларға, сондай-ақ, мүгедек-балаларға қатысты ережеге өзгерістер енгізілді. Оларға әлеуметтік-маңызды бағыттарда жол жүру құжатының (билеттің) 50% көлемінде, ал коммерциялық бағыттарда — тасымалдаушының қалауына қарай жеңілдік берілді.

«Жолаушылар пойызында темекі тартуға қатаң тыйым салынды. Жолаушының сапардан бас тартуымен байланысты жол жүру құжатын (билетті) қайтару операциясы үшін 1000 теңге көлемінде алым алынып тасталында», — деді «Жолаушылар тасымалы» компаниясынан.

ҚАРҚАРАЛЫДА АЛАШ АРЫСТАРЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Қарқаралыда Алаш арыстары Әліхан Бөкейхан, Әліхан Ермеков және Ахмет Байтұрсынға арналған композициялық ескерткіш бой көтерді.



Ескерткіш Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ауданда атқарылатын 19 жобаның бірі ретінде жүзеге асырылып отыр.

Ескерткіштің жобасын қағаз бетіне алғаш түсірген жергілікті суретші Сәкен Дәулетбаев, мүсіншілер — Талғат Байоразов пен Кенжебек Қошантаев.

Ескерткіш қоладан құйылған, биіктігі — 3,15 м, салмағы — 2 тонна.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ОБЛЫСТЫҚ «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Қарағандыда «Мерейлі отбасы» республикалық байқауының облыстық кезеңі өтті. Оған өңірдің барлық қалалары мен аудандарынан 19 отбасы қатысты.

Облыстық тұрға өтер алдында қатысушылар өңірлік кезеңдердегі жеңіс үшін жарысты. Қазылар алқасының мүшелері отбасы тарихы мен дәстүрлеріне, бірнеше ұрпақта белгілі бір мандандықты ұстануына және отбасындағы балалар санына назар аударды.

Маған осы байқауға өкімдік қызметкерлері қатысуға ұсынғын жасады, себебі мен кепбалауы өкімім — менің бес балам бар. Мен өзім де он баланың бірімін, менің ата-анамда 25 немсересі бар, олардың тегі — Салқауовтар. Портфолио жинау осында қызықты болады деп күтпеген едім. Ол үшін құжаттарды дайындау қызықты болды. Мен оларды екі апта бойы жинап, отбасы туралы көптеген қызықты мәліметтерді білдім. Мен кей деректерді білмеппін, ал кейбірін ұмыттып та қалыппын. Бұл бір қызықты тәжірибе болды. Барлық туыстарымыз жұмылды. Біз өз отбасымыздың тарихын балаларға айтып, оны білу маңызды екенін түсіндік, — деді Жезқазғаннан келген байқауға қатысушы Қайрат Тағамбаев.

Айта кету керек, облыстық кезеңде отбасыларды іріктеу өлшемшарттары аймақтық кезеңдердегідей болып қала берді. Алайда, бәсекелестік айтарлықтай жоғарылай түсті. Мысалы, Жезқазғаннан келген Стамқұловтар отбасы 11 бала, 33 нөмер, 17 шөбере сүйіп отыр. Отағасы Әлирахман Стамқұлов 20 жыл мектеп директоры болып жұмыс істеген. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Оның жұбайы Роза Секеманованың айтуынша, барлық отбасы жиі бас қосады екен.

Байқауға Қарағанды қаласының танымал отбасыларға да қатысты. Мысалы, «Дарынды бала» жекеменшік балабақшалар желісінің және «Дарынды Ана» коворкинг-орталығының негізін қалаушы Айнагул Хамитованың отбасы. Бизнес ханым өз отбасын мақтан тұтады. Ол өзі бес баланың анасы. Оның атасы Төлеухан Хамитов — ҰОС батыры. Анасы Сәния Хамитова өмір бойы аудандық емханада дәрігер болып жұмыс істеген.

Байқаудың облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша үшінші орын Стамқұловтар отбасына бұйырды. Екінші орын да жезқазғандық Салқауовтар отбасына бұйырды. Республикалық комиссияның шешімімен олар Нұр-Сұлтанда өтетін байқаудың ақтық сайысында Қарағанды облысын таныстыратын болады.


Біз финалға толық дайынбыз. Қазір облыстық кезеңде барлық отбасымыз толық жиналған жоқ. Қарындасым мен келінім жуырда босанып, мұнда келе алмады. Бірақ республикалық кезеңге барлығы келіп, залдың көп бөлігін аламыз, отбасымыз шын мәнінде үлкен! — дейді Қайрат Тағамбаев.

Облыстық кезеңде бірінші орынды Хамитовтар отбасы иеленді. Барлық қатысушылар естелі марапаттарға ие болды. Жеңімпаз атанған Хамитовтар отбасына 10 күнге «Жартас» шипажайына жолдама берілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САПАРЫ

ҰЛТ МӘДЕНИЕТІН АСҚАҚТАТҚАН

II «Jezkiik» Халықаралық музыка фестивалі Мемлекет басшысының қатысуымен ерекшеленді



24 тамызда Мемлекет басшысы «Ұлытау-2019» Халықаралық туристік форумына қатысушыларымен кездесті. Форумға тарих, археология, этнография, туризм саласындағы белгілі ғалымдар, шетелдік халықаралық ұйымдар, елшіліктердің өкілдері, блогерлер, бизнес, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарынан құралған 200-ден астам делегат қатысты. Форум қатысушылары үшін Ұлытаудағы қасиетті нысандар Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелеріне, «Хан ордасы» қалашығына, сондай-ақ дағды уақытта қолға алынуы тиіс шаруаларды атап өтті.



ақ, Зыңғыртас петроглифтеріне ақпараттық тәуір ұйымдастырылды. Форум қатысушылары алдында сөз алған Қасым-Жомарт Тоқаев отандық туризм саласындағы бірқатар мәселелерге тоқталып, тоқталды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Ұлы ханның үлкен ұлы — Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейтіндігін, ата-

бабалардың аманатына адал болу бізге сын екендігін атап өтті. — Қазіргі отандық туризм индустриясы — кенже қалып келе жатқан сала. Жыл сайын қыруар қаражат салсақ та, бұл сала толыққанды дамайы отыр. Туризм саласының қазіргі ахуалын түбегейлі өзгертетін уақыт келді. Бұл жұмыстарды Ұлытаудай қасиетті жерлерден бастауымыз қажет. Ұлытау аймағы міндетті түрде Қазақстанның туристер тарту картасының алдыңғы қатарында болуы тиіс. Бұрын жобаланған «Ұлытау» ұлттық табиғи паркін құру мәселесін жүзеге асыру керек. Биыл мұнда туристер үшін арнайы орталық ашылуы тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев өз баяндамасында.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Ұлытау туристік мекенге, демалыс аймағына, ұлы бабаларға тағзым ету орталығына айналуы тиістігін айтты. — Бұл өңірге қазақ тарихының символы болатын ескерткіш-ансамбль орнату қажет. Қасиетті Ұлытау — ұлттық ұйыстырудың, елді біріктірудің негізі. Бұл бастамалар халқымыздың ұлттық бірегейлігін нығайта түсуге оң ықпал етеді деп сенемін. Ұлытаудың тарихы мен тағылымын жастар тәрбиесі мен отаншылдықты, ішкі туризмді дамытуға пайдалану керек, — деді Президент.

Халықаралық туристік форум жұмысына сәттілік тілеген Мемлекет басшысы одан әрі этноауылдағы музыкалық алаңға өтіп, «Jezkiik» Халықаралық музыка фестиваліне қатысушылардың өнерін тамашалады.

Фестиваль «Nomad Stunts» атқа мінуші-каскадерлік команданың қойылымымен басталды. Кейін сахнада «Тоқырауын толқындары» (Қазақстан), Сержан Мұсайын, Дәуренбек Әрқенов, Гүлмира Тапай сынды Сарыарқа әншілері, «Hassak» (Қазақстан), «Moresca Nova» (Италия), «Carmen Guerrero Flamenco» (Испания), «Serbian Abrasevic band» (Сербия), «Dunaj banda» (Венгрия) ансамбльдері өнер көрсетті.

Бұл күні сондай-ақ, қопақтар үшін айтыскерлер Аманжол Әлтаев мен Сара Тоқтамсынова айтыс жасап, көрерменнің ризашылығына бөленді.

Одан әрі фестиваль Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары академиялық оркестрінің, Қ.Байжанов атындағы концерт бірлестігінің жетекші әншілері Сержан Мұсайын, Дәуренбек

қайраткерлері Қыдырәлі Болман, Қарақат Әбілдинаның, «Дос-Мұқасан», «Ұлытау», «Alatau Serilegi», «Алтын батыр» топтарының қатысуымен өткен Гала-концертке ұласты.

Фестиваль бағдарламасы мен қатысушылардың өнері шетелдік қопақтардың да көңілінен шыққанын айта кету керек.

— Керемет ұйымдастырылған. Бізге бөрінен бұрын фестивалдің табиғатта, арнайы құрылған ауылда өткені ұнады. Италияда біз мұндайды көрген жоқпыз. Біз ұлттық асханамен танысып үлгердік — ол өте ерекше. Мен домбыра тартып көргім келеді, — деді Италиядан келген музыкант Пьетро Маскиандаро.

Фестиваль барысында



бірлестігі домбырашылар ансамблінің дәстүрлі әндерді орындаушылар ҚР еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Қосанова, «Қазақконцерт» бірлестігінің солисі Асқар Мұхият, Амангелді Күзөбай, термеші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова, жыршы, республикалық конкурстардың лауреаты Ерболат Шалдыбеков өнер көрсетіп, қазақтың ұлттық дәстүрлерін (тұсаукесер, бесікке салу, беташар, т.б.) дәріптеген сахналық қойылымдар жұртшылыққа ұсынылды.

«Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі (Қарағанды), «Moresca Nova» (Италия), «Carmen Guerrero Flamenco» (Испания), «Serbian Abrasevic band» (Сербия), «Dunaj banda» (Венгрия), «Hassak» (Алматы) этно топтарының өнерін жұртшылыққа ұсынылды.

«Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі (Қарағанды), «Moresca Nova» (Италия), «Carmen Guerrero Flamenco» (Испания), «Serbian Abrasevic band» (Сербия), «Dunaj banda» (Венгрия), «Hassak» (Алматы) этно топтарының өнерін жұртшылыққа ұсынылды.

Фестиваль соңы «Арлан» ұлттық дәстүрлер театрының, қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары, ҚР еңбек сіңірген

этноаймақта «Ұлы дала жаңғырығы» қолөнер шеберлерінің жұмысы қойылған. Фудаймақта қопақтар үшін ұлттық қазақ тағамдарын әзірлеу бойынша шеберлік сыныптары ұйымдастырылды.

— Бізге бүгін қазақ асханасынан бес тағам түрін әзірлеу тәсілін көрсетті. Негізгісі — барлық отбасыға арналған бидай көже. Бұл сусынға ет, сүт өнімдері мен дақылдар қосылады. Сондай-ақ, қарын көмбе, қарын бұрме, төңкерме әзірленді, — дейді ҚР Ұлттық музейі жанындағы «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты материалдық емес мәдени мұра бөлімінің басшысы Айгерім Мұсағалимова.

Сондай-ақ, этноауылында спорттық аймақ жұмыс істеп, онда ұлттық спорт түрлері асық ату, қол күрес, қазақша күрес, тоғызқұлақтан жарыстар өткенін де айта кеткен жөн.

Дархан МҰХАН Суреттерді түсірген Фалия ӘБДИҚАППАРОВА

ЖОШЫ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау — 2019» халықаралық туристік форумында Алтын орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыруды тапсырған еді. Мемлекет басшысы бұл мәселені неге көтеріп отыр? Жошы ханның тарихта алар орны қандай? Бұл сұрақтарға Мемлекет тарихи институтының директоры, тарихшы, саясаттанушы Бүркітбай Аяған жауап берді, деп хабарлайды ҚазАқпарат.



— Бұл өте революциялық маңыздағы әңгіме. Біріншіден, осы күнге дейін Алтын орда тарихы кереғар пікірде өркеніетке кірмеген жабайылардың мемлекеті ретінде көрсетіліп келді. Ал шын мәнінде Алтын орда Рус, француздар тарихы сынды адамзат өркениетіндегі маңызды мемлекеттердің бірі. Екіншіден, Алтын орданы монғолдардың мемлекеті дейтін қате пікір бар. Бұл түркілердің, оның ішінде қазақ, татар, ноғай, өзбек сынды халықтардың құрған мемлекеті болатын. Басқа халықтар өз мемлекетін айтып отырғанда неге Алтын ордадан қашуымыз керек? Алтын орда, Ақ орда, Қазақ хандығы бір-біріне жалғасып жатыр, — дейді тарихшы.

Оның айтуынша, Алтын орда мемлекетінің мұрагері ретінде Жошы ханның кесенесін аббаттандыру — біздің адами және ғылыми парызымыз.

— Ұлытаудағы кесененің Жошыға тиесілі екені күмәнсіз. Сол тұжырымға тоқтауымыз керек. Себебі, Алтын орда хандары Орыс хан оның шын есімі Ақнияз, шайбанидтер, Әбілқайыр, Жәнібек пен Керей Жошы ханның басына барып тұрған. Онда Орта баяз деген қала болған. Әмір Темір Еуропаға жорыққа шыққанда Ұлытаудан өтеді, жазбаларда сол кесене туралы айтылады. Орта ғасырдағы еуропалық саяхатшылардың жазбаларында, парсы-шағатай тіліндегі еңбектерде Ұлы ханның кесенесі деп көрсетілген. Олар тектен-тек бармаған шығар. Қалай дегенімен, Жошының аң аулап жүргенде мергітіп, қазақ даласында жерленгені рас. Дәл сол жерде болмаса да, сол маңайда жатуы мүмкін, — деді Б. Аяған.

Шыңғыс ханның ұлыстарын Бөртеден туған төрт ұлына бөліп бергені тарихта белгілі. Олардың біреуі Моңғолияда қалды, біреулері Иран мен Әзербайжанды басқарды. Ал Жошы қазақ даласын басқарды.

— Жошы ханның балалары көп болған. Бату, Орда Ежен, Тоқай Темірден қазақ хандары Жәнібек пен Керей тарайды. Мен қазір Ұлытаудан Сығанақ пен Түркістанға келдім. Менің мақсатым Алтын орда, Ақ орда, Қазақ хандығына қатысты материалдар жинау еді. Қызылорда облысындағы Сығанақтың жанында Көк кесене деген зират бар. Жошының ұрпақтары жатыр. Одан бөлек, төре тұқымдары Түркістанда, Көкшетаудағы Сырымбетте жатыр. Жәнібек ханның ұлы Қасым хан Атыраудағы Сарайшықта дамылданған, — деп атап өтті ол.

Сонымен бірге, ғалым кесенедегі сүйекке генетикалық талдау жүргізуді ұсынды.

— Қазір популяциялық генетика саласы дамып жатыр. Бізде онымен Жақсылық Сәбитов деген ғалым, Оразак Исмағұлов деген академик айналысып жүр. Тіпті Мысырдағы перғауылдардың сүйегін анықтап жатқанда, Жошы хан беріректе өмір сүрген адам. Қазақстанда төре тұқымдары жеткілікті, Абыйдың ұрпақтары, Шота Аман Уәлихановтар бар. Генетикалық сараптама жасап, кесенедегі

сүйектің кімдікі екенін анықтауға болады. Тарихшы ғалымдарды көптеген жаңалық күтіп тұр деп ойлаймын, — деді Б. Аяған.

Ғалым Жошы хан кесенесіне насихат керекін жасырмайды.

— Біз егер Жошы хан кесенесін көтерсек, қоқтайтын қонақ үйі, музей ашсақ, Қазақстан ғана емес, Орта Азия, Түркі елдері, тіпті әлем халқы жиналатын жер болар еді. Адамзат тарихында Наполеон сынды императорларға қарағанда Шыңғыс хан мен Жошы ханның еңбегі орасан. Бұл — әлемге тараған брөнд. Сондықтан, Жошы хан кесенесі әлемдік деңгейдегі орталық болса алады, — деді Бүркітбай Аяған.

Айта кетсек, Жошы хан (1187–1227) — Шыңғыс ханның үлкен ұлы. Алтын орда хандығының негізін қалаушы. Жошы алдымен көптеген басқыншылық әскери жорықтарға қатысқан аса ірі әскери басшы ретінде танылады. Ол Шыңғыс әскерлерінің жорықтарына белсене араласты. 1206



жылы Шыңғыс хан керей, найман, меркіт тағы да басқа тайпаларды бір орталыққа біріктіргеннен кейін, Жошы өкісінің тапсырмасы бойынша жасағымен 1207–1212 жылдар аралығында Оңтүстік Сібірді, Алтайды, Шығыс Түркістан жерлерін өзіне бағындырды. 1211–1215 жылдары Қытайды жаулау жорығына қатысты.

1218 жылы Жошы жасағы Шыңғыс ханға бағынысы келмеген меркіттерді қуа отырып, Ырғыз өзенінің бойында Хорезм шаһы Мұхаммедтің алпыс мың әскерімен шайқасады. Жошы өзінің шебер қолбасшылық дарыны арқасында шайқасты тең аяқтады. Осы шайқастан кейін Мұхаммед шаһ әскерлері Жошыға қарсы соғыс әрекеттерін бас тартты. Осы шайқастан кейін Жошы Жетісудағы барлық қалаларды өзіне бағындырды. 1220–1222 жылдары Сырдария бойындағы Отырар, Сығанақ, Үзкент, Баршынкент, Жанкент қалаларын бағындырды.

«САРЫАРҚА» ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕСТЕ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Сарыарқа магистральдық газ құбырының құрылысы бойынша жұмыс кесте бойынша жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Энергетика министрлігі Газ және мұнай-газ химиясы департаменті директоры Зияш Қияқбаев айтты.



Зияш Қияқбаевтың айтуынша, «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысы жобасын іске асыру үшін «АстанаГаз ҚМҒ» компаниясы құрылған. Оның акционерлері — «Самұрқ-Қазына» қоры және «Бәйтерек» холдингі. Осыдан тура бір жыл бұрын экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияда қаржыландыру схемасы мен шарттары бекітіліп, жоба құрылысының жалпы құны 267,3 млрд

теңгені құрайтынын жеткізді. — Құрылыстың бас мердігері ретінде «КазСтройСервис» компаниясы айқындалды. Өткен жылдың қараша айында «АстанаГаз ҚМҒ» мен «КазҚұрылысСервис» компаниялары арасында «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салу туралы шартқа қол қойылды. Бүгінгі күні жұмысқа 2 мыңға жуық маман және 900 арнайы техника жұмылдырылған. Жалпы, ұзындығы 1061,3 шақырым болатын құбырдың 906 шақырымына құбыр өнімдері жеткізілді. Газ құбырының 885 шақырымы немесе жалпы ұзындығының 83,4 пайызы дәнекерленген. Дәнекерлеудің орташа жылдамдығы тәулігіне 6-7 шақырымды құрайды. Қарағанды облысында 1 дәнекерлеу бригадасы, Ақмола облысында 3 бригада жұмылдырылды, — деді ол ведомствоның атықтарысында.

Департамент басшысы газ құбырының 260-360 шақырымдық учаскесінде гидравликалық сынақ жұмыстары сәтті жүргізілгенін айтты. — Осы жұмыстармен қатар дәнекерлеу түйістерін жарық сәулесінен өткізу, оқшаулау, құбырларды траншеяға салу, қайта жабу жұмыстарының да қарқыны қызу. Жалпы, жұмыс кесте бойынша жүргізілуде. Осы жылдың желтоқсан айында барлық нысандардың құрылысы аяқталды. Ол нысандар: магистральдық газ құбыры, 5 автоматтандырылған газ тарту станциясы, газ өлшеу станциясы және бақылау пункті. Яғни, магистральдық газ құбыры Нұр-Сұлтан қаласына белгіленген мерзімде — осы жылдың желтоқсан айында жеткізіледі, — дейді Зияш Қияқбаев.

Бет материалдарын әзірлеген Дархан МҰХАН

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТА

Жезқазған қалалық әкімдігінің отырыс залында VI шақырылған қалалық мәслихаттың XXXVII сессиясы өтті. Қалалық мәслихат депутаты Әбдірахман Досанов төрағалық еткен сессия жұмысына Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбедін, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, Қарағанды облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шыңғысов, Бекзат Алтынбеков, мемлекеттік мекеме басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.



КЕЗЕКТІ СЕССИЯ ӨТТІ

Жында мәслихат сессиясының күнтізбесінде қалалық мәслихаттың № 30/274 «2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджетті біктіру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, қалалық мәслихаттың 2011 жылғы 11 қарашадағы № 33/403 «Жезқазған қаласы әкімдігінің дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің есебі, «Жезқазған қаласының құрметті азаматы» атағын беру сынды түрлі маңызды мәселелер жайы талқыланды.

– Жеті айдағы бюджеттік бағдарламаларды орындау барысында 140 млн 942 мың теңге үнемделді. 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік жобалар арнаулы бекітілген комиссия жиынында қаралды. Белгіленген жобалар құны 2 млрд 954 млн 297 мың теңгені құрады. Осыған орай, мемлекеттік кіріс бөліктері негізінде салық контингентін 492 млн 796 мыңға арттыруды ұсынамыз. Және өткен сессия жұмысында мемлекеттік комиссия тарапынан айтылған ескертулер түзетілді, – Виктория Ставицкая.

Сондай-ақ, сессия барысында 320 көрермендік орынға шақталған дене шынықтыру-сауықтыру кешінің жобасы таныстырылды. Осыған сай спорт кешінде аумағы 320 текше метр болатын 5 жолақты бассейні салынады. Сонымен қатар, спорт кешінің ғимаратының екінші қабатында күрес залы және бұфет, душ бөлмесі, әкімшілік кабинеті орналаса-

ды деп жоспарланған. Қалада жаңадан бой көтеріп жатқан ғимараттар жобасы және жөндеу жұмыстары жайын Жезқазған қалалық құрылыс бөлімінің жетекшісі Гүлназия Талджиева таныстырды.

Сессия барысында Бауыржан Шыңғысов пен Сергей Сурилин Пушкин көшесіндегі жол құрылысының сапасына және «Жастар» саябағының суару желілеріне қатысты сын айтып, ескертулер жасады.

Мәслихат сессиясында талқыланған келесі мәселе Жезқазған қаласының құрметті азаматы атағын беру болды. Осыған орай депутаттар арасында биолетендік дауыс берілді. Соның нәтижесінде депутаттар Аманкүл Оспанова, Амангелді Замакбаев, Әріпжан Салқымбековке «Жезқазған қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы шешім қабылданды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

1 ҚЫРҚУЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

САПАЛЫ БІЛІМ – БАСТЫ КӨРСЕТКІШ

XXI ғасыр – адамзат білігін білекпен емес, біліммен бағындыратын заман. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қойғаны да содан. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұранды ту еткен білім беру ұйымдары мен ондағы ұстаздар қауымы елдің қуаты болатын білімді ұрпақты тәрбиелеуде қарап қалған емес. Иненем құдық қазғандай, қиын әрі күрделі, қажыр-қайратты талап ететін қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа оқу жылындағы жаңашылдықтарымен таныспақ мақсатта қаланың бас педагогы Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВТІ өңгімеге тарттық.



Жоғары санатты 285 (25%) және бірінші санаттылары – 306 (27%), санаты бойынша сапалық құрамы 53%-ды құрап, қалыпты деңгейді көрсетіп отыр. Жаңа форматта аттестациядан өткен зерттеуші мұғалім – 62, педагог сарапшы – 130, педагог модератор – 147.

Бүгінгі күні қаладағы білім беру мекемелеріне 26 педагог қажет. Бос орындар жас мамандарды қабылдау арқылы толықтырылатын болады. Биылғы оқу жылында орыс сыныптарындағы бастауыш сынып, химия, математика, физика, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жас мамандарды қабылдау жоспарлануда.

– Оқулық мәселесі де жыл артынан сайын бір жүйеге түсіп келе жатқанын білеміз. Биыл оқулық жеткілікті бола ма?

– Жаңа оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұнына көшетін 4, 9, 10-сынып оқушылары толығымен оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, оқушы санының артуына байланысты 1,2,3,5,6,7-сыныпқа арналған оқулықтар сатып алынды. Оның ішінде 1, 2, 3-сынып оқушылары ағылшын тілі бойынша жұмыс дәптерлерімен, пилоттық мектептердің оқушылары информатика, химия, физика және биология бойынша билингвалды оқулықтармен арнайы (түзету) мектептердің оқушылары «Сатр» баспасының оқулықтарымен жалпы білім беретін мектептердің 5,7-сынып оқушылары өлкетану бойынша хрестоматиямен қамтамасыз етіледі. Көріп тұрғандарыңыздай бізде оқулық мәселесі толығымен шешімін тауып отыр. Ең алдымен тегін оқулық көп балалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына үлестіріледі. Одан кейін қалған балалар да оқулықпен қамтылады.

– Сіздердің тараптарыңыздан оқушылардың бос уақыты мен жазғы демалысын ұйымдастыру қалай жүзеге асуда?

– Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс болғандықтан, мектеп пен ұстаздар қауымы баланың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыруға бас назар аударады. Дұрыс өрі тиімді ұйымдастырылған бос уақыт ескелең ұрпақтың білімін шыңдап қана қоймай, рухани өмірін, көзқарасын толықтырады. Сондықтан, оқушының бос уақытын оның қалауы бойынша ұйымдастыруға атсалысу бүгінгі күні біздің басты мақсатымыз болып отыр.

Қазіргі таңда қаламызда екі қосымша білім беру ұйымы бар. Олар: өнер мектебі мен оқушылар мен жасөспірімдер сарайы. Өнер мектебінде жеті бағыт бойынша 720 оқушы қосымша білім алуға. 2863 бала оқушылар сарайында тәрбиеленуде. Аталған екі мекемеде музыкалық, көркем сурет, хореографиялық, эстетикалық даму, шекті аспаптар, вокал теориялық пәндер, туризм және өлкетану, интеллектуалдық бағыттар бойынша білім беріледі.

Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойларын дамытуда, IT саласына, бағдарламалауға қызығушылықтарын ояту мақсатында соңғы үш жылда қаламыздың мектептерінде робот техникасы, IT сыныптары мен интеллектуал орталықтары ашылуда. Мектептердің кітапханаларының қызметін жаңғыртып, оларды заманауи сайт каворинг орталықтары ретінде қайта ашылды. Каворинг орталықтарда тек кітап оқитын орындар емес, түрлі семинарлар, тренингтер, дәрістер өтетін орындар болып өзгертілді.

Оқушылардың жазғы сауықтыру демалысы да назардан тыс қалып отырған жоқ. Қаламыздың 17 жалпы орта білім беретін мектебінде екі ауысым бойы жазғы сауықтыру лагері жұмыс жасайды. Биыл жазғы лагерьге 1700 оқушыны қамтыдық. Ағымдағы жылдың шілде айында аз қамтамасыз етілген көп балалы, берекесіз отбасының 103 баласы Бұқар жырау ауданындағы «Березники» лагеріне, 55 оқушы Балқаш қаласындағы «Балдаурен» лагеріне, «Қазақ мыс» корпорациясы өз жұмыскерлерінің балаларын сауықтыру мақсатында тағы 70 ұл-қыз Бурабай аумағындағы «Звездный» лагеріне жөнелтілді.

– Жеңіс Едігеулы, уақытыңызды бөліп, сұхбаттасқаныңызға рахмет. Алдағы оқу жылы жеңіс жетістіктерге толы болай!

Сұхбаттасқан Диана ОРАЗАЛИНА
Суреттерді түсірген Галия ӘБДИҒАППАРОВА

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІКтің НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Еліміздің Ата Заңы – Конституция мемлекеттің және қоғам дамуының берік іргетасы, қазақстандықтардың тең, әділ құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылады. Ең бастысы Конституция – адамның құқығы мен бостандығын қорғайтын негізгі заң. Конституция – мемлекет пен жеке адамның бостандығы және өзара жауапкершілік қағидаттарына кепілдік беретін аса маңызды саяси және құқықтық құжат, қоғамдағы келісім негізі.

1995 жылғы 22 мамырдағы Елбасымыздың қаулысымен арнайы құрылған сараптық-консультативтік кеңес Президенттің тікелей жетекшілігімен Ата Заңымыздың жобасын дайындау барысында азаматтардың 1100 ұсынысын ескеріп, соған орай осы заң жобасындағы 98 баптың 55-іне елеулі өзгерістер енгізген. 1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдумда барша қазақстандықтар дауыс беріп, олардың 90 пайызға жуығы адам және өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп таныған құжатты Негізгі Заң ретінде қабылдады. 5 құрылуында заңды күшіне енген Конституция 9 тараудан, 98 баптан құралды.

Конституция – мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат. Ол мемлекеттің тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Бұл тәуелсіз Қазақстанның қабылдаған екінші конституциясы. Алдыңғы конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, алғашқы Қазақстан Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда КСРО құрылғаннан кейін 1925 жылғы РСФСР Конституциясы ескеріле отырып, ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен түпкілікті редакцияда қабылданды. Өйткені бұл кезде Қазақстан РСФСР-дың бір бөлігі еді. Бұл негізгі заң басқару нысанын мемлекеттік құрылысты, саяси режимді, мемлекеттік билік органдарының құрылымын, атқарушы-өкім беруші органдарын бекітті. Сайлау құқығының, бюджеттік құқықтың негізі бастаулары белгіленді. Осы Конституцияға сәйкес Қазақстан РСФСР құрамындағы толық құқықты республика болып танылды.

1937 жылдың 26 наурызында Кеңестердің Бүкілқазақстандық төтенше X съезінде қабылданған Қазақ КСР Конституциясы 11 бөлім мен 125 баптан тұрды. Ол жерде «КСРО Конституциясының 14-бабынан тыс Қазақ КСР өзінің өгемендік құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті өздігінен жүзеге асырады» делінген. 1937 жылдың Конституциясында экономикалық, саяси қорғаныс салалары бойынша өзара ықпалдастықты іске асыру мақсатында басқа да тең құқылы республикалармен еркін түрде одақтасуға құқылығы (13-бап), Қазақ КСР келісімсіз территориясын өзгертуге тыйым салу (16-бап), жоғарғы республикалық және мемлекеттік биліктің жергілікті органдары қалыптастыратын, заңнаманы жүзеге асыру, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті және де азаматтар құқығын, салық салу, т.б. мәселелерді қорғау бойынша республика саясатын жүргізу құқықтары бекітілген (19-бап).

Сонымен қатар, сот пен прокуратура жүйесі қамтылған. Халық соттары аудан азаматтарының тарапынан құпия сайлау жолымен жалпы, тікелей және тең сайлау құқығы негізінде сайланып, сот ісін жүргізу қазақ тілінде, ал басқа ұлт өкілдері шоғырланған аудандарда олардың ана тілдерінде жүргізілуі тиіс болған (83-90-баптар).

1937 жылдың Конституциясында азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін анықталған еңбек етуге құқылығы (96-бап), демалысқа құқылығы (97-бап), қартаю, ауру болу және еңбекке қабілетсіз болып қалу жағдайларында материалды қамтамасыз етілуге құқылығы (98-бап), денсаулық сақтау, сөз, баспасөз, жиын, митинг, көше шерулері мен демонстрацияларға еркіндік берілуі келіпті, тұлғаға, тұрғын-жайға, азаматтардың хат жазысу арқылы жеке хат алысуға дербес құқықтары, шетел азаматтарына саяси баслана беру құқығы.

IX шақырылған республика Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған Қазақ КСР Конституциясы кіріспеден, 10 баптан, 19 тарау және 173 баптан тұрады. Конституцияға сәйкес, бүкіл өкімет билігі жұмысы, шаруа және еңбек интеллигенциясы таптарына жататын халықтың қолында болды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспе, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады. Конституция Қазақстан мемлекеттік өгемендігін алған сәттен бергі көптеген құқықтық нормаларды: халықтың өгемендік, мемлекет тәуелсіздігі, билікті бөлісу принципін, қазақ тілін мемлекеттік деп тану, Президентті мемлекет басшысы деп тану, сот органдарын – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғары арбитраждық соттар және басқаларды қамтыды. 1993 жылғы Конституция негізіне парламенттік республика моделі алынды.

1995 жылы қабылданған жаңа Конституция мемлекеттің табиғаты жөніндегі мәселелерді түбегейлі шешті. Биліктің бірден-бір көзі болып Қазақстанның халқы



танылды. Қолданыстағы Конституцияға алғашқы рет «Қазақстан – ежелден келе жатқан қазақ жерінде оның халқы тарапынан құрылған мемлекет» екендігі бекітілді. Осы көзқарастың арқасында ұлттық мемлекет идеясы азаматтық қоғамды құруға және мемлекеттік механизмнің тиімді жұмыс істей бастауына мүмкіндік берді.

Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамаз құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сәйкес келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады. Конституция құрылымына келер болсақ: I бөлім – жалпы ережелер; II бөлім – Адам және азамат; III бөлім – Президент; IV бөлім – Парламент; V бөлім – Үкімет; VI бөлім – Конституциялық кеңес; VII бөлім – Соттар және сот тәртібі; VIII бөлім – Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару; IX бөлім – Қорытынды және өтпелі ережелер. Қолданыстағы Ата Заңға 07.10.1998, 21.05.2007, 02.02.2011, 10.03.2017, 23.03.2019 жылдары өзгертулер мен түзетулер енгізілді.

Конституция халықтың мүддесі мен еркін іске асыру отырып, қазақстандықтарды ынтымақ-бірлікке тартудың қуатын бастауы болды. Конституция бізге әділдікті, теңдікті, құқықтылықты, әсіресе бостандықты, өмірге қол сұғылмаушылықты, еріктілікті, әлеуметтік қамтамасыздықты, билікті бөлу ұстанымы мен билікке келудегі әділдік пен демократиялықты, ұлттық тіліміз бен сенімімізге ешкімнің кедергі келтірмеуін, мәдениетіміздің өсіп өркендеуіне жағдай туғызды. Бүгінгі таңда қоғамдық келісім мен халықтың бірлігі – еліміздің бас байлығы және өзгелерге үлгі боларлық ең қымбат қазынасы. Дүстүрлі түрде 30 тамызда атап өтілетін Конституция күні Отанымыздың игілігі жолында алға қойылған барлық мақсаттарға қол жететіндігіне сенімімізді арттыра түседі. Қазіргі қолданыстағы Конституцияның арқасында кез келген қоғам үшін аса маңызды болып табылатын мәселелер шешімін тапты: мызғымас мемлекеттімізді орнап, халқымыздың өл-ауқатының өсуіне жағдай жасалды, республика халықаралық қоғамдастықтағы өзінің лайықты орнын алды. Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы мемлекеттің ұстанған бағыты мен даму жолының тиімді және қауіпсіз екендігіне көз жеткізді. Бірлік пен келісім, саяси жігерлік, даму стратегиясының басымдықтарын анық түсіне білу – мұның бәрі «қазақстандық даму жолын» сипаттайтын көрінетін және олардың барлығы конституциялық нормалардан бастау алады. Экономикалық бостандық, идеологиялық және саяси ер алуандылық, заң алдындағы теңдік Қазақстан Республикасының құқықтық дамуындағы басымдықтар болып табылады. Конституция еркіндік Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып қала бермек.

Қабылда ҚАДЫРОВ,
Жезқазған қалалық соты төрағасының
міндетін атқарушы

ЕЛУ БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАДЫ

Республикалық «Мектепке жол» акциясы 2001 жылдан басталған еді. Содан бері жыл сайын ұйымдастырылып келеді. «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы жылдағы дәстүрден жаңылмай «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясына атсалысты. № 3 мектеп ғимаратына жиналған 15 отбасының 50 баласына «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов бастаған партия белсенділері мектеп формасы мен аяқ киімдерін және оқуға қажетті кеңсе тауарларын табыс етті.



– Үлкен қызым дүниеден өткеннен кейін әкесі екі баласынан бас тартты. Сол себепті қызымның балаларын өз қамқорлығыма алдым. Және өзімнің тағы бір балам бар. Бүгінгі «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырып отырған партия мүшелеріне алғысымды білдіремін, – деді ұл-қыздың қамқоршысы Күндіз Әділбекова.

Акцияға балаларын алып келген ата-аналардың қатарында көп балалы ана Мадина Мусаббаева да бар. Сегіз ұл тәрбиелеп отырған алтын құрсақты ана көптің қошеметіне бөленді.

– Үлкенім – жиырма бірде. Ең кішісі бірден үш ай асты. Бұл бір сияқты көп балалы аналарға үлкен көмек, – дейді

акцияға № 5 мектеп пен № 7 Қанш Сәтбаев атындағы мектеп-лицейде білім алып жатқан оқушылардың анасы. Акция барысында әрбір бала мектеп формалары мен қажетті құрал-жабдықтарын өз қалауларына таңдап алған. Елу баланы киіндіріп, мектепке жинау үшін партия тарапынан 1,5 млн-ға жуық қаржы жұмсалған.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТТІ

«Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы жақында көп балалы қызметкерлеріне қаржылай көмек көрсетті.



«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында компания басшылығы мектеп жанындағы балалары бар отбасыларға қаржылай көмек көрсетуді жөн көріпті. Атап айтқанда, мектепке баратын әр балаға 25 мың теңгеден материалдық көмек ұсынылды. Компанияның Жезқазғандағы құрылымдарында қы-

змет ететін қызметкерлердің ішінде 4 баласы мектепке баратын 7 отбасының әрқайсысына 100 мың теңгеден, 3 баласы мектепке баратын 18 отбасыға 75 мың теңгеден, 2 баласын мектепке жіберетін 16 отбасыға 50 мың теңгеден және бір баласы мектепке баратын 4 отбасы 25 мың теңгеден қаржылай көмек алды. Жезқазған қаласы бойынша дәл осы күні 3,1 млн теңге көлемінде қайырымдылық жасалса, жалпы компанияның әр аймақтағы қызметкерлеріне аударылған қаражат сомасы 6 млн теңгеден асады.

Қайырымдылық іс-шарасына компания басшысы Сәуле Шауенова, «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі Бекзат Алтынбеков, Қарағанды облыстық «Қоғамдық келісім» КММ директоры Ерлан Құсайын, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, БАҚ өкілдері қатысты.

Сондай-ақ, компания басшылығы мен іс-шара қонақтары жақында «Ютариядан» 4 белмелі пәтер алған отбасында болып, құтты болсын айтты, шашу шашты. «Ютария Ltd» компаниясының әлеуметтік жауапкершілігін айғақтайтын қайырымдылық шаралары бір отбасын шектелмейтін, бір ай бұрын компания 3 отбасыға 3, 4 белмелі пәтер алып бергенін, Арыс қаласындағы апаттан зардап шеккендерге қаржылай, материалдық көмек көрсеткенін, басқа да бірқатар қайырымдылық жобаларға мұрындық болып жүргенін айта кеткен жөн.

Өз тілішіміз

ЖАҚСЫКЕЛДІ СЕЙІЛОВТИҢ ТУҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

Биыл композитор Жақсыкелді Сейіловтің туғанына 70 жыл толып отыр. Тағдырлы талант иесінің мұрасын насихаттап, есімін ұлықтау мақсатында қала көлемінде іргелі істер жоспарланып, жүзеге асуда.

да» болып дүниеге келіп еді. Өз анасы естимесе де, өзге аналардың жанары жасқа толып тұрып, бүкіл аналардың атынан Жақсыкелдіге ақ батасын айтты.

«Қаракөз» ансамблі тұңғыш сахнаға шыққанда «Табыңдар «Ана» деген төңірге!» деп ұлы жерге ұран тастап келді.


...Сәлден соң Жақсыкелді тау-тау толқынмен арпалысып, жағаға өзгеріп кетіп, терең ойдан сөйлеп: «Мен туралы аз жазылып жүрген жоқ қой. Басқалар да жазылысын да», — деп жүзін жылтыты. Өзінен гөрі өзгелерді



тереңде барады. Оның тағы бір іңкер тақырыбы — саяси әуен. Бұл жолдағы ізденісі де бірқырдыру. Міне, оның композиторлық қуаты осы тақырыпта оқшау танылады.

Сайлаухан НӘКЕНОВ «Жезқазған туы» (қазіргі «Saryarqa») газеті, 30 наурыз, 1990 жыл

ТАЛАНТҚА ТАБЫНАЙЫҚ



Өзін мақтамайтын, басқаның да абыройын асыра айтқанын сұқаны сүймейтін адамды көргенім осы. «Мен сонша не бітіріліп, бергенімнен борышым көп, қайтеңдер

жаза беріп», — деп, бірден маңдайға салып жібергендей салқын сөйлейді. Содан соң әжік-бұжік әр сөздің басын бір шалсам да, әңгіменің қиыуы келмей, сөгіле берді.

Сонда да ертеректе есімде қалған «Қаракөз» көз алдымнан кетпей, көмейімнен бір сауал шығып кетті. Ол диваннан тұрып, ерсілі-қарсылы жүрді де, сәлден соң барып қабағы жадырап:

— Ой, ол келмеске кеткен бір дәурен ғой. Жалындап келген жиырма жас көктемнің қанатына қондырып, кеудеме бір сиқырлы әуен толтырып, жеті түнде ұйқымнан оятып, еміс-еміс елсіз келгенмен, есте жоқ, «ана» деп бір ауыз сөз айта алмай қалған аяулы бейінің көз алдыма келтіріп, арман мен азапқа түскен шақ еді. «Қаракөз» де, «Ана туралы баллада» да сол бір аласапыран көктемде дүниеге бірге келген, — деп Жақсыкелді тұңғыш терең ойға түсті.

Жанының жарасына тиіп кеткенім сөздім. Қайран қатыгез тағдыр-ай! Бесікте жатқанда анасын, қалтақтап қаз басып жүргенде жанарын алғаның неткен еді?! Біреулерге өлшемей берген бақытыңды оған неге мысқалдап бердің екен? Анасын алсаң да, жарық дүниені қисаң еді-ау...

Егер өмір осы екеуінің бірін Жақсыкелдінің таңдауына берсе, ол «жарығымды алсаң да, жан анамды қалдыр» деп жалғанға жар салып жылар еді.

Иә, бесікте жатып-ақ, сол бір қайырымсыз қара түнде анасын іздеп, шыбын жаны шырырап, көз жасы жерге көп болып төгілген. Оны қатыгез өмір естіген де, естисе де елең қылған жоқ. Ол аз дегендей, жылпай-жылпай, ботаның көзіндей мөлдіреген көз жанары жасқа айналып кеткен. Сонда да анасын жоқтаумен жүрді. Ақыры өзін болмаса да, елесін тапты. Елесін тапты да, өшпейтін ескерткіш қойды. Осылай жиырма жылғы көз жасы «Ана туралы балла-

дә» болып дүниеге келіп еді. Өз анасы естимесе де, өзге аналардың жанары жасқа толып тұрып, бүкіл аналардың атынан Жақсыкелдіге ақ батасын айтты.

— Жақа, осы «Қаракөз» неге тарап кетті? — деп бағанасы ізге қайта түстім.

— Төрт-бес жылдан соң тарағаны рас. Уақыттың талабы, халықтың да таламы шығар, жеңіл музыканың түндігі желпілдеп келе бастаған кез еді ғой. Оның үстіне талантты өңшіміз Сәлімжан Сейілов өз мамандығына кетті. «Ұлытау», «Жезкіік» ансамбльдері құрылып жатты, — деп, ол әңгіме осымен бітті дегендей, тағы да орнынан тұрды.

Мен табалдырықта тұрып:

— Сәлімжан екеуіңіз қосылып айтқандай «Ана туралы баллада» әлі қайта естіген емеспін. Қандай еді!? — дедім.

— Жоқ, Тамара Левандидедей ешкім айта алмайды! — деді ол есікті жауып жатып.

Бәлкім, солай да шығар. Грузиндердің мұны, мақпал үнінің осы әнге бояу беретіні де шын. Дегенмен, маған осы жиырма жылдың ішінде Жақсыкелдінің өңдерін өзінен артық айтатын өңші әлі тұмаған секілді көрінеді де тұрады.

Жақсыкелдінің композиторлық дарыны қандай болса, өңшілігі де өшкімге ұқсамайтын бөлек бір әлем сияқты. Үні Ұлытаудан аққан ерке де мөлдір булақтай. Әттен, тағдыр оған үлкен сахналарға шығуды жазбапты. Егер оқ шырағанды аман болса, ол өзінің кейде жаймашуақ жаздай, ашық та ақ толқын өңдерін әлемді шарлап жүріп айтар еді-ау. Екі бірдей талант тал бойына туа біткен мұндай өнерпаз қай халықта болсын сирек.

Жақсыкелді жеңіл еңге барып көрген жоқ. Алғашқы өннен басталған философиялық әуен оның «Әжелер туралы ой», «Жезкіік», «Сүйінші», «Ұлытау» өңдерінде одан әрі

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ КЕСЕНЕСІ

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі Оңтүстік-Қазақстан облысы Түркістан қаласында орналасқан. Оны әлемнің сегізінші кереметі деп тегіннен тегін атамаған. Бұл сарайлар мен ғибадатханалардың көшені орта ғасыр сәулетінің жауһары, ол ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енген. Қожа Ахмет Яссауи (Әзірет Сұлтан) - XII ғасыр ойшылы және түркілік сопылық бағытты дәріптеген ақыны.



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІЛІК БАСТАУЫ

ЕҢ БАСТЫСЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІ



Кешегі кеңестік заманда «Қос тіл – қос қанатың» деп ұрандаттық. Жаңа заман алдымызға ең кемі үш тіл білу міндетін қойды. «Үштүрлі тіл» деген ұғым пайда болды. Бұған «тұғыр үшеу емес, біреу ғана болмай ма?» деп қарсы шығып жатқандар да бар.

Негізі бұл сұрақтың жауабы да бар. Елдің бұрынғы Президенті де «Қазақ тілі қалған екі тілдің көлеңкесінде қалмауы тиіс» екенін бірнеше рет айтқан болатын. Ал Қасым-Жомарт Кемелұлы кешегі тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде мұны шегелеп тұрып айтты. «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» деген Мағжан Жұмабаевтың сөзі «Ер халықтың ана тілі – білімнің кілті» деген Ахмет Жұбановтың сөзін бекерден бекер еске салған жоқ.

Егер білімнің кілті ана тілінде болса, сол кілтті қолға ұстауға ұмылмаса, қалғаны бекершілік екені айтпаса да түсінікті емес пе? Демек, ең бастысы-қазақ тілі. Қазақ мектептеріндегі балаларға барлық білім ең алдымен ана тілде берілуі керек. Ал қалған екі тілді де білу керек екеніне даула-

сып та керекі жоқ. Өйткені, заман көшінен қалғысы келмеген адам, көп тіл білуден қашпайды.

Президент балабақшадан бастауыш сыныптардан бастап шетел тілін оқытудың дұрыс еместігің, бұл орайда ата-аналардың пікірін ескеру қажеттігіне назар аударды. Бұл қоғамда ері тарт, бері тартпен келе жатқан өзекті мәселеге биік мінберден алғаш рет берілген тұщымды жауап болды деген ойдамын.

Ендігі жерде білім беру саласының басшылығы президенттің осы нұсқауын жеделдетіп екі жүзге асыруы керек. Президент конференцияда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Елді түзетуді баланы оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген сөзін де айтты. Өз басым мұны Президент тарапынан осыған дейін орын алған кемшіліктерді түзеуге бағытталған берілген тапсырма деп түсіндім.

«Бала – болашағымыз» десек, оның көптілі менгергені қаншалықты дұрыс болса да, оның білімінің негізі ана тілінде қалыптасуы тиіс екендігін басты назарда ұстау керек. Бұл орайда, Президенттің де, қоғамның да пікірі бір арнада тоқталысып тұрғаны бекер емес. Бұл мәселенің ортақ шешімі табылғандығын байқатады.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ

КӨП ТІЛ БІЛГЕН ҚОР БОЛМАЙДЫ

Қоғамның пікірі сан алуан екендігін мойындасақ та, ең бастысы «Үштілділік қазаққа зиян ба, пайда ма?» дейтін сұрақтың жауабы төңірегінде басым көпшілігіміз бір тоқтамға келгеніміз абзал деген ойдамын. Үш тілде білім беру бастамасы алғаш рет 2007 жылы көтеріліп, еліміздің бірнеше қалаларындағы мектептерде сынақ ретінде жүргізілген еді.

Сонымен, үштілділікке қалай қарап, қалайша бағаларғанымыз дұрыс? Білім беру бағдарламасын халық әртүрлі қабылдап, әркілі пікірлер алып жүргендігін қайталап жүргендігіміз қажетті де шамалы. Менің пікірімді тіл маманының пікірі ретінде қарастырандырыңыз дегенге қалаймын.

Шығарманың білім беру мақсатына қарап, үштілділікке қалай қарап, орыс және ағылшын тілін еркін меңгере білсек, бұдан кімге зиян келеді? Ешкімге де. Әрине, шет елдерің тілдерін қай оқыптан бастап оқытуды біржақты ету — бұл басқа мәселе. Меніңше, көпшілік бастауыш сыныптарда балалардың тек қазақ тілінде білім алғанын оқығанын қалайды. Бар түйткіл — осында.

Таяуда бұл түйткіл де тарқатылғандық болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Егер ата-аналардың қалауы солай болса ағылшын тілін 5-сыныптан бастап та оқытуға бастауымыз» айтты. Бұдан аңғарылатыны

САУРАН ҚАЛАСЫ



Сауран қаласы Отырардың солтүстігіндегі темір жол бойында орналасқан. Шаһардың іргетасы IX ғасырда қаланған. Тарихи деректерге үңілсек, «Алғашында Отырар датқасы бұл қаланы шекараға, қыпшақ қалалары мен көшпелі қыпшақ хандарының шекарасына әдейі салғызын» деген мәлімет кездеседі. Қалада үнемі ескер тұрғаны айтылады. Онда көрсетілген екен. Оның үстіне Сауран арқылы «Жібек жолы» өтетін. Бұл жағдай оның сауда-саттыққа, алыс-беріске, өркендеп, өсуіне жан-жақты ықпал еткенін аңғартып тұр.

Дүкенбай Досжан зерттеу мақаласында: «Қаланы алты мұнарлы үлкен қорған қоршап тұрған екен. Қорған саз балшықтан, кей жері күйдірген қыштан өріліпті. Әр мұнарада қарауыл қарайтын күмбез, жауға оқ ататын тесіктер бар. Осы белгілер Сауран қаласының негізгі міндеті — ел күзету, басқыншы жауға бірінші тосқауыл болу екенін байқауға болады. Қорған төрт бұрышты етіп салынған. Қалаға кіретін қақпа мен шығар қақпа бір-біріне түспаса орна-тылған. Оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа көлбеу жатыр. Тосын көзге бірден шалынатын нәрсе — қала халқының өте тығыз отырғанға ұқсайтындығы.


ЖАНКЕНТ ШАҺАРЫ

Оғыз тайпаларының Сырдария жағасындағы ең атақты қалаларының бірі — Жанкент қаласы. Қорқыт атамен қатар тарихи хикаяның бағалысы әсіресе, Жанкент қаласы туралы аңыздармен байланысты. Аңыз бойынша бұл қаланы көп заман билеген кісінің бірі елге үгіт-насихат айтушы, өзі жүзден асқан ойшыл қарт болады. Әбілғазының түркімен шежіресінде оғыз елі әр уақыт Жанкент қаласында жиналып, Қайы халқынан Инал Яуиды хан көтеріп, оған Қорқыт атаны үзегі ететіні жазылған. Жазба деректерде Жанкент алғаш рет араб тарихшысы Ибн-Рустемнің еңбегінде аталады. Сондай-ақ, араб географы Ибн-Хаукал «Оғыздардың басты қаласы Жанкент болды, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар Әл-Харият, сарматтар Дахи Нау деп атаған» дейді.



Жанкент атауының өз Янгикент-Жаңкент-Жанкент (Жаңа қала) деген мағынаны білдіреді. Жанкент тарихы ғасырлар қойнауында жатыр. Қаланың гүлдену дәуірі IX ғасырдың II-жартысы мен XI ғасырдың алғашқы ширегі. Жанкент шаһарының аумағы 15-20 гектар, егіншілігі, саудасы мықтап өркендеген қала болды. Қала маңындағы суландыру жүйесі егіншіліктің шаруашылықтағы негізгі басты саласы болғандығын дәлелдейді. Ол кезеңде Арал теңізін Жент теңізі деп атаған. Жанкент тұрғындары осы теңіз маңынан үлкен тұз көзін тауып, Қытай, Иран, Үндістан елдерімен сауда қатынасын жасаған.

СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫ



Ұлы жібек жолы бойындағы саудасы мен қолөнер кәсібі дамыған атақты қалалардың бірі — Сығанақ қалашығы. Қазақ халқының тарихында Сығанақ қалашығы ерекше орын алады. Сығанақ қалашының атауы X ғасырдан бастап түркі және парсы-араб тарихшыларының (Мұхаммед Джувейни, Махмұд Қашқари, Фазлаллах ибн Рузбихан, Әбу Шама әл-Мақдиси) жазбаларында кездеседі. Ортағасырлық деректерге қарағанда, қала XI-XIII ғғ. Қыпшақ хандығының, XIII-XIV ғғ. Ақ Орда, XV-XVII ғғ. Қазақ хандығының елордасы болған Түркі тарихи кезеңдердің басынан өткізген қала XVIII ғасырға дейін өмір сүргені мәлім. Ал қазақ хандығы құрылғанда Түркістан қаласымен қатар осы Сығанақ қаласы қазақ жерін басқару орталықтарының біріне айналды. Бұл қала жөнінде тарихи деректер өте көп. Солардың алғашқысы X ғасырда өмір сүрген араб географы Әл-Мухадда-си еңбегінде кездеседі. Ол Сығанақты Отырармен кіндігі бір — егіз қала деп көрсеткен. Махмұт Қашқаридың XI ғасырда жазылған «Диуани лұғат ат-түрік» атты үш томдық еңбегінде «Сұғнақ оғыздардың қалаларының бірі» деп жазылған. Сығанақ қаласы XI ғасырда Қыпшақ мемлекетінің саяси әрі мәдени орталығына айналған. Қала тұрғындары суармалы егіншілікпен айналысқан. Сығанақ халқына ауыз су жер асты құбырлары арқылы Сырдария өзенінен келіп тұрған.

Шаһар халқы XII ғасырдан бастап ислам дінін қабылдаған кезеңде араб жазушылары өз еңбектерінде Сығанақ қаласының тұрғындары — қыпшақтар мен қаңлылар және оларды бір-бірінен ажыратып болмайтындығын жазды. Сығанақтың «Қыпшақ даласының айлағы» деп аталуы егіншілігі Ұлы Жібек жолы бойындағы қаланың шаруашылығы мен әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары деңгейде дамығандығын аңғартады.

«Қазақстанның жалпұлттық қасиетті нысандары», «Фолиант» баспасы, Астана — 2017

Айнаш БЕГІМ

ТАНЫМ

САНДАРДЫ СӨЙЛЕТКЕН

нумерология ілімі жайында не білеміз?

Әлемде үш мыңнан аса ұлт бар және олардың бір-біріне ұқсайтын өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер олардың түріне, тіліне, дініне, тіршілігі мен тірлігіне ғана байланысты ғана емес. Тіпті олардың сандарға деген көзқарастары да әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, Қытай мен Жапонияда 4 пен 9 санын ұнатпайды. Себебі, ежелгі мифтік тұрақ нөгізінде бұл сандар – «өлім, азап» іспетті мағыналардың нышаны. Тіпті, жапондар көп қабатты үйлер салғанда төртінші қабатты бос қалдырып кетеді екен. Бұл елдерде көбіне төртінші қабатты 3А деп белгілейді. Орыс халқының 13 саны десе зәресі ұшатыны бәрімізге белгілі. Айдың он үшінші күніне ештеңе жоспарламайтын бұл үрдіс батыс халықтарының біразына тән. Себебі, 13 саны олар үшін аса үлкен сәтсіздіктің белгісі. Ақ Еуропаның тарихи һәм мәдени мекеніне айналған Италия елі 17 санынан қашады. Айдың бұл күні жұмаға тап келсе тіптен шошынады. Бұның себебін италияндықтар рим цифрларымен белгілеген XVII ғасындағы цифрлардың орнын ауыстырсақ «VІXІ» сөзін, яғни «менің өмірім аяқталды» деген мағына бекітіріміз түсіндіреді. Ақ сіз «сайтанның саны» делінетін 666 саны туралы не білесіз? Бұл санды да өлем жұртының көпшілігі өліммен байланыстырады. Айта берсек өте көп. Керісінше, өлем елдерінің көбісі 3, 5, 7, 8 сандарын жақсы көреді.

Ертеден тылсым дүниеден сыр іздеп, тіршілік құпияларына теренінен сүңгіген қазақ халқы да сандарды кіе тұтқан. Мысалы, жеті ата, жеті қат көк, жеті қазына, жеті шөлшек, жеті жұт, жеті жоқ, жеті жарғы деп 7 санын тоғыз ай, тоғыз құ, тоғыз жолдық торабы, тоғыз қабат торқа кию, білгенін бір тоғыз, білмегенін тоқсан тоғыз деп 9 санын он екі де бір нұқасы жоқ, он екі жыл – бір мүшел он екі ай, он екі де бір түлі ашылмаған деп 12 санын қырық қасық су, қырықнан шығару, қырық күндік асы, қырықтың бірі қыдыр, қырық пышақ деген мысалдармен 40 санын ерекше көрген. Неліктен басқа емес, осы сандар? Бұның сыры бізге өлі күнде дейін ашылмады. Адамзат баласы сандар сырын ежелгі дәуірден-ақ білуге талпынған. Бұл қызығушылық қазіргі таңда да жойылған жоқ. Керісінше сандар құпиясын ашуға тырысқандардың саны күннен-күнге артып келеді. Осыған орай нумерология ғылымы да жедел дамуда. Қазіргідей күн сауелісінен де жылдам дамып жатқан озық технология дәуірінде қажетті мамандық ғаламтор желісі арқылы оң-оңай тауып алуға болады. Сол сияқты нумеролог мамандардың қызметі қызу жүретін мекен – әлеуметтік желілер. Кез

келген әлеуметтік желіге «нумеролог» сөзін жазып, «іздеу» батырмасын шертіп көп жіберсеңіз, сандардан сыр ұққан мамандардың түр-түріне жолығасыз. «Қаржылық код ашамын», «Чақра ашамын», «Карма анықтаймын» сынды нумеролог жарнамаларынан аяқ баса алмай қаласыз. Және осының растығын айтып, алғыс білдірген пікірлер тізбегін көргенде сенер-сенбесінді білмей дал боласыз. Бұның бәрі «Сандалбайдың сандырағы» дерсіз. Бірақ, нумеролог мамандардың көмегіне жүгінушілердің саны расымен де күннен күнге артып келеді. Бұның сыры неде? Бұл сұрақтың жауабын мысты шаһар нумерологтарынан сұрағанды жөн көрдім.

«Нумерология – ғылым»

Жезқазған қаласында нумеролог мамандар саусақпен санарлықтай. Сандарды сөйлетіп жүрген мамандардың бірі – Алтынай Қабылова. 18 жасынан бастап Сәтбаев қаласынан шығатын «Шарайна» газетінде қызмет еткен белгілі журналист Файзулла Қабыловтың қызы Алтынайдың негізгі мамандығы журналист. Одан кейін ұзақ уақыт бойы Жезқазған қаласы әкімінің аудармашысы болып жұмыс істеген ол қазіргі таңда «ҚазТрансОйл» АҚ-да аудармашы болып қызмет етеді. Психолог мамандығын да қоса игерген ол осы ғылым негізінде нумерологияға бет бұрдым дейді.

– Сандар – адам ғұмырының нақты айнасы. Адамдар психологиясын кеңінен зерттей жүріп, нумерологияға деген қызығушылығы арта түсті. Басында ғаламтор желісі арқылы нумерология саласын өздігімен зерттей бастадым. Бірақ, қай сайтты ашып қарасам да барлығы сыңаржақ пікірлер болды. Олар тек көйпекке мінездеме берумен ғана шектеледі. Сол себепті арнайы мамандарды іздедім. Сөйтіп жүріп, Мәскеу қаласындағы Халықаралық парапсихология және нумерология орталығы туралы білдім. Бірақ, Мәскеу қаласына барып білім алу оңай шаруа емес еді. Қуанышыма орай жолым болып, биыл осы орталық бұрынғы он бес одақтас мемлекеттердің ішінде алғашқы болып біздің елімізде филиалын ашты. Нумерология ғылымы үш сатыдан тұрады. Бір апталық оқу барысында мен «Болжамдық және кармалық тәріз нумерологиясы» деп аталатын I сатысын оқып, арнайы куәлікке ие болдым. Белгілі нумерологтар Айрэн және Джули Поляр жүргізген курс барысында нумерологияның жиі болжам емес, ежелден қалыптасқан тарихи ғылым екендігіне көзім жетті және көпшілікке беймәлім қырларымен таныстым. Содан бері нумерологиямен қасиеті түрде айналысып келемін. Алдыма көмек сұрап келген адамдар-

дың шынайы жан қиналысына бей-жай қарай алмаймын. Бұл ғылымның біздің елімізге келгеніне көп болған жоқ. Дегенмен, менің көмегіме жүгінушілер саны артпаса, кеміген емес. Оның ішінде жастар өте көп. Олар мамандықты дұрыс таңдау, отбасын сақтау, бала тәрбиелеу мәселелері бойынша жиі алаңда-

рым сағатта оның өмірі туралы бүкіл деректі айттым. Басынан біраз қиындықты өткерген ол «Мен бұның бәрін бұрын білгінімде ғой, ешқашан от баспас едім» деп еңкілдеп жылап жіберді. Ерtesіне өлгі кісі мені тағы іздеп келді. Қолында бір бума қағазы бар. Мен шошып кеттім. Сөйтсем, ол Мәскеудегі саусақ іздері



ушылық танытады. Нумерологтар бірінші кезекте туған күні, айы, жылы бойынша өздерін зерттейді. Өзіме тәжірибе жасағанда менің балалық шағымнан қазіргі күнге дейінгі бүкіл өмір жолым анық көрсетілгенін көріп таң-тамаша болғанмын. Жақында мынадай бір қызық жағдай болды. Орта жастан асқан ер кісі мені іздеп келді. «Маған нумерология бойынша болжам айт», – дейді. Мен уақыт тапшылығына байланысты бас тарттым. Көбіне алдыма келген адамдардың шынайы проблемалары болмаса, жай қызығушылықпен келгендерін қабылдай бермеймін. Әрі бұрын-соңды ер адамдар келмейтін. Жалпы нумерологияға негіз жандылардың қызығушылығы басым. Сол себепті екі ұшты ойда болдым. Сол кісі үш күн қатарынан келді. Үшінші күні көңілін қимай, жарты сағатқа ғана басты мәліметтерін беруге келістім. Сол жарты сағат деген әңгімеміз бір жарым сағатқа созылды. Бір жа-

арқылы сараптама жасап, адам бойындағы бүкіл ауру-сырқауды тауып беретін «Genetic test» орталығының сараптама қорытындысы екен. «Мен сіз кеше менің бойымдағы асқазан, бүйрек, жүйке аурулары туралы айтқаныңызда сенбеп едім, барлығы сәйкес келгендей мына сараптама нәтижесін тауып алсам, айтқандарыңыз тұп-тура келіп тұр. Сізді бұрын білгенімде ғой, алыстағы Мәскеуге сонша қаражатымды жұмсап барып еуре болмас едім», – дейді. Бұндай жағдаятар менің тәжірибемде өте көп кездеседі. Алдағы уақытта өз жұмысымды кеңірек таныстыру мақсатында «Өмірден өз орныңызды тапқыңыз келе ме?» атты семинар өткізбекшімін. Мен үшін нумерология бизнес емес. Сандар қателеспейді. Сандар бал ашып, болашаққа болжам жасау емес. Сандар – маңдайыңызға жазылған тағдырды дәл айтып береді, – деп Алтынай ханым өз ойымен бөлісті.

Әңгімемізге тұздық болсын деген ниетте тағы бір нумеролог маманмен кездестік. Өзін Назгул деп таныстырған ол кісі нумерологияны жеке ізденіп үйренген.

– Мен бала күнімнен астрология, астропсихика ғылымдарына қатты қызықтым. Тұрмысқа шыққаннан кейін бала тәрбиесімен айналысып, үйде отырдым. Қолым сәл босаған сәтте ғаламтордан нумерология жайлы ақпарат іздім. Қаламыздағы кітапханаларға барып, нумерология жайлы жазылған еңбектерді іздедім. Біздің қаламыздағы кітапханалар мен кітап дүкендерінен айтып нумерологтар еңбегін табу мүмкін болмағандықтан, үлкен қалалардағы кітап дүкендеріне бас сұғып, арнайы кітаптар алдырып білімімді жетілдірдім. Халық арасында нумерология дінге қайшы келеді деген пікірлер жиі кездеседі. Бірақ, мен көріпкел емеспін. Бал ашып, өзге дүниедегі тіршілікпен тілдесе алатын қасиет мен де жоқ. Мен нумерологияны зерттеу арқылы, басқа да ғылым салаларына қызығушылығым артты. Менің ойымша, ынтасы бар кез келген адам нумеролог бола алады, – дейді ол.

Нумерология дінге қайшы ма?

Ия, қоғам арасында нумерологияға қатысты пікірлер тобы екіге жарылатыны жасырын емес. «Нумерология дінге қайшы» деген пікірді ұстанатын тараптар да бар. Осы пікір тұрғысында нақтысын білшек мақсатта Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің баспасөз хатшысы Думан Әлменова хабарластық.

«Көк пен жердегі Алладан басқа ешкім білмейді» делінген «Нәміл» суресінің 65-аятында. «Алладан басқа ешбір тәңір жоқ» дегенді басты ұраны еткен біздің дінімізде сандар адам тағдырын болжап береді деу – үлкен адаушылық. Бұл дүниедегі барлық нәрсе тек Аллаға ғана аян. Көк пен жердегінің құпиясын тек бір Алла біледі. Дінімізде жұлдыздармен жорамал жасауға, бақсы-балгерлер көмегіне жүгіну қандай күне болса – сандармен болжам жасау да үлкен күн. Сол себепті нумерология шаригатқа қайшы келеді, – деп жауап берді Думан Әлменов.

Әйгілі философ Пифагордың «Әлемді сандар билейді» деген сөзі ойға оралады. Дегенмен екі тараптың да сөзінің жаны бар екендігі рас. Және өзіндік дәлелдемеге негізделген тұжырымдарды бар. Тағытқң екі ұшы болатыны сөкілді, қандай мәселені болсын жан-жақты сараптап барып қана нақты тұжырым жасаған жөн. Ендеше, осы айтылғандарды салмақтап ой қорыту көзегі өзіңізде, оқырман!

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

РЕСМИ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН ҰСТАУ ЕРЕЖЕСІ

Қарағанды облыстық мәслихатының 29 қыркүйектегі 2017 жылғы №221 шешімімен «Қарағанды облыстық аумағында жануарларды ұстау Ережесі» бекітілді (бұдан әрі – Ереже). Осы жануарларды асырау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қарағанды облысының аумағында жануарларды асырау тәртібін айқындайды.

Осы Қағида меншік нысанына қарамастан, жануарларды асырайтын барлық жеке және заңды тұлғалар тарапалады.

Жануарларды «Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді-мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді-мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтерін бекіту» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына, «Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығына (бұдан әрі – Өндіріс объектілеріне қойылатын талаптар) және «Өндірістік объектілердің санитариялық – қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №237 бұйрығына сәйкес асырау керек.

Жеке және заңды тұлғалар, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге, жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені туралы, жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар өдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

Жануарларды бірдейлендіру сырғалау, чип салу және таңба басу ветеринариялық паспорт беру жолымен жүргізіледі.

Жануарларды өсірумен, асыраумен, бағумен, көбейтумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар, келесіні қамтамасыз ету қажет:

- 1) ауыл шаруашылығы, үй жануарлары мен асыл тұқымды малдарды уақытты бірдейлендіруді;
- 2) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы маңызы бар және үй жануарларын уақытты диагностикалаудан және вакцинациялаудан өткізуді;
- 3) жануардың түріне, жасына және физиологиясына сәйкес саулығы, ауқаттылығы жөніндегі күтімді және оларды пайдалануды;
- 4) жануарлар және адамдар ортасының қауіпсіздігін, сонымен қатар мүлктің жануарлардан зиян келтіруін;
- 5) жануарларда керексіз тұқымды пайда болуын болдырмау бойынша уақытша оқшаулау және биостерилизациялау жолдары арқылы шаралар қолдануы;
- 6) көлік жолында жануарлармен өткен кезде жоқ қозғалыстың қауіпсіздігін сақтау және оның жолдан өтіп бара жатқандағы тәртібін тікелей қадағалау арқылы жолдан өткен кезде жоқ қозғалысты қауіпсіздігін сақтауы;
- 7) санитариялық-гигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормалар мен қағидалардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету.

Жеке және заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы, үй, жабайы және асыл тұқымды жануарларды ұстау кезінде келесіні қамтамасыз етеді:

- 1) жайлы орналасқан орындарды, ылғалды-тептературалық режимді, табиғи жарықты, вентиляцияны;
- 2) құдық қорғау органдары арнайы дайындалған жануарларды (иттерді) қызметте шұғыл пайдаланған уақытта және оларды оқу-үйрету іс-шараларында пайдаланған уақытта, тұмылдырлық болуын және қысқа тізгінде ұстауын;
- 3) оларды биологиялық, түр-тұқымдық және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін және олардың тамаққа, суға, ұйқыға, қозғалысқа, өзіне ұқсас жануарлармен қатынастарға, табиғи белсенділік пен басқа да қажеттіліктерге табиғи мұқтажын қанағаттандыратын жағдай жасауын;
- 4) оқшауланған қора-жайды, қоршалған аумақта бос қойып немесе байлауды ұстап бағуды. Күзетуге арналған жануарларды (иттерді) «байлаңыз қабаған айт» деген ескерту жазуы бар, жабдықталған қора-жай-

ларда немесе байлауда ұстауын;

5) «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, өз тұрғын алаңында бірнеше отбасы қоныстанған тұрғын жайларында (пәтерде тұратын барлық тұрғындардан жазбаша келісімдерімен).

Елді-мекен жерлерінде мал жаятын орындарды қалалардың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің өкімдері айқындайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті елді-мекен тұрғындарының жалпы жиналысында ұсыныстар енгізеді.

Адамдар мен жануар денсаулығына ерекше қауіп тудыратын жануарларды алып қою және жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Жануар клиникалық сау болған жағдайда жеке немесе заңды тұлғаға қайтарылады.

Жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (сооды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіруді, сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар өз қызметтері процесінде пайда болатын биологиялық қалдықтарды көздеге жаратуы және жоюды «Биологиялық қалдықтарды көздеге жарату, жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 16-07/307 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

Жануарларды сату, әкелу және әкету өндіріс объектілеріне қойылатын талаптарды, «Жануарларды карантиндеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 7-1/700 бұйрығына және «Жануарларды өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 16-04/679 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Жануарларды Қарағанды облысынан тыс жерлерге және басқа елді-мекендерде шығару «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68, «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы №367 және «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2015 жылғы 21 мамырдағы №7-1/453 бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жануарларды сою (жылқы, ірі қара мал, ұсақ қара мал, шошқа) «Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 7-1/832 бұйрығына сәйкес жүргізілуі қажет.

Осы Қағидаларды бұзғаны үшін жануарлардың иелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Сәйкес 1 және 2-тармақтарының 406 ҚР Әкімшілік кодексінің:

1. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (өрекетсіздік) – жеке тұлғаларға – қырық, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Раушан ЕЛЬЧИБЕКОВА,**«Жезқазған қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы**

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

өз деңгейінде өтіп жатыр

Жезқазған қаласында жалпыреспубликалық дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы 3 шілде мен 30 қыркүйек аралығында өтіп жатыр. Биыл министрліктің әлеуметтік бағыттағы бұл бастамасы «Жүректен жүрекке!» ұранымен ұйымдастырылуда.



Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасыларына шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмектер көрсету.

Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде өткізілетін «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру турде өткізуді қамтамасыз етуде барлық білім ұйымдарында іс-шаралар жоспарына сәйкес мобильдік топтар құрылған, акция туралы арнайы стенд, бұрыштар ұйымдастырылған, үндеу хаттары таратылып, сенім телефоны жұмыс істеуде.

Акцияның басталуы және ұйымдастырылуы бойынша

– жергілікті «Жезказғанский вестник» және «Сағуатқа» газеттерінде жарнамалар жарияланды;

– телераунда акция туралы жарнамалар жүріп отыр;

– қала әкімінің қолдауымен мемлекеттік мекемелер М. Кұлшөва атындағы балалар үйі мен барлық білім ұйымдарындағы аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына көмек көрсету үшін жүктелген тізімі бекітіліп, таратылып жатыр.

Акция барысында:

– «Ғалым» дүкені – жекеменшік кәсіпкер Т.Б. Жайлаубаева,

– мектепке дейінгі мекемеге тіркелу және жолдама алу бағдарламасы-

ның сүйемелдеушісі Казтом Салушен Центр- 20 сөмке;

– «Салауат» демханасы, жеке кәсіпкер Кәмшат Батырбекова,

– «Сәлем» дүкені,

– «Фердаус 1», «Фердаус 2» жеке кәсіпкер Гауһар Қалжанқызы,

– ЖШС «Bizard Forma», басшы Гүлшар Мұртазина,

– «АК – 159/25» мекемесі басшысы Н.Б.Жашбеков,

– С.Қожамқұлов атындағы драма театр ұжымы,

– Қарттар үйінің ұжымы,

– «Корона» түнгі клуб, жеке кәсіпкер Марғұлан Молдашев,

– «Муханбаев» ЖШС Мадияр Мұханбаев.

– «Айгерім» дүкенінің иесі Махаббат Кистаубаева.

– «Исаева Ш.И.» жеке кәсіпкерлігі,

– Жезқазған «Отан» оқу орталығы басшысы, сонымен қатар, мектептердің қамқоршылық кеңестерінің мүшелері мен басшылары Ю.А.Подковирова,

К.А.Садықова, М.Е. Бірмағанбетовтердің қолдауымен акция аясында өз мектептерінде көмекке мұқтаж оқушыларға мектепке қажетті құрал-жабдықтар, спорттық киімдер алып берді.

Жезқазған қаласының білім бөлімі жоғарыда аталған мекеме басшыларына жалпыреспубликалық «Мектепке жол» акциясы аясында көмекке мұқтаж азаматтарға көрсеткен көмектерінің үшін алғыс білдіреді.

Көрсеткен қайырымдылық көмектеріңіз өздеріңізге өндірістік қызметтеріңізде зор жетістіктермен қайтуына тілектеспіз.

Гүлсім АЙМАҚОВА,
Жезқазған қаласы білім бөлімінің бас маманы

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

медицина ұйымдарына қаржы аудару бастады

Медициналық сақтандыру қорының Қарағанды облысы бойынша филиалы жыл басынан халыққа тегін қызмет көрсеткен медицина ұйымдарына қаржы аудару бастады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы жыл басынан бері мемлекеттік тапсырыс бойынша көрсетілген қызметтер үшін 23,08 млрд теңге төледі. Қаржы келіп-

ДИНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ҮНІТІМАҚ КЕПІЛІ

Дін – өркениетті адамзат тарихында көне дәуірден орын алған маңызды рухани құбылыс. Мәдениет пен діни құндылықтар дәстүрлі діни жүйелердің адамзат баласының рухани жан дүниесін жетілдіруге және адамға өмірдің маңызды мәселелерін шешуде тұғыр болуда. Бұл жағдайда дінаралық сұхбаттастыққа басты мән беру әлемдегі тыныштық, бейбіт қатар өмір сүруге жол бастайтын басты ұстаным екендігі алға шығады.

Дінаралық келісім мәдениеті «толеранттылық», «төзімділік», «дінаралық сұхбат» ұғымдарымен дәріптелуде. «Толеранттылық» ұғымы ғасырлар бойы қалыптасып, мағыналық тұрғыдан толыққан.

Дінаралық келісім – Қазақстанның қоғам өміріндегі маңызды жетістіктерінің бірі мен бірегейі. Түрлі ұлттар мен этностардың діндерінің өзара әрекеттесуінің тұрақты моделі, бүгінгі қазақ еліндегі бейбітшілік бұртұтас жасампаздық пен келісімнің негізі.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей: «Біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі дегеніміз – ол әртүрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуі бүкіл әлемдік процессіне Қазақ Елінің қосқан шынайы үлесі».

Әлемдегі кез-келген Қазақстан секілді көп ұлтты мемлекеттің өзінің тұтастығын сақтаудың негізгі шарттарының бірі – ол оның азаматтарының өзгелерден ерекше артықшылық пен үстем болып ұлтқа бөлінбей, бір қауымға, тұтас халық дәрежесіне біріктіру мәселесі алынады. Сондықтан да, Қазақстан билігі өз азаматтарының ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, жалпы қазақстандық ұлт дәрежесінде біріктіру саясатын ұстанған.

Осылайша, Қазақстан егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап көпэтникалы және көпконфессиялы қоғамда этностардың өзіндік ерекшелігін мен бірігуін сақтауға негізделген ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз ететін өзіндік айрықша үлгіні қалыптастырған. Ұлтаралық қатына-



стардың қазақстандық үлгісі бірнеше негізгі деңгейде жүзеге асырылады: тұжырымдамалық деңгей; саяси-құқықтық (конституциялық) деңгей; институционалды деңгей және ғылыми-әдістемелік деңгей. Тұжырымдамалық деңгей еліміздің ұлтаралық қатынастарындағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді және ол әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ождан-дық, тұрмыстық және басқа да өзара тәуелді, толықтырушы факторларды есепке алу, Қазақстан ұлттарының өз мәдени дамуын еркін қамтамасыз ету және олардың мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру принциптеріне сүйенеді.

Қазақстанның қарқынды дамуының тірегі болып саналатын ұлтаралық және конфессияаралық келісімі еліміздің алға қарай нық қадам басуына мүмкіндік беретін зор алғышарт болып табылады. Сан алуан халықтар арасындағы достық, келісім мен бейбітшілікті сақтау үшін ел болып құмылған күнде күнделікті және тұрақты түрдегі тынымсыз әрекеттер жасалынуы қажет. Сонда ғана Қазақстанда етене өмір сүретін сан алуан ұлт және конфессия өкілдерінің дауысы құатты бір сарынға айналатын болады.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның дамуына төн ерекшеліктердің бірі қоғам өміріндегі діннің рөлінің артуы болып табылады. Оның өзектілігі мен мәрләтбесі артып, әлеуметтік функциялары кеңейіп, дінге сәнушілер мен діни бірлестіктердің саны өсуде. Соңғы онжылдықта республикамыздың көпконфессиялы кентісті дәстүрлі діни сенімдердің діни бірлестіктерінен бөлек, бұрын Қазақстанда болмаған дәстүрлі емес діни қозғалыстардың жаңа ұйымдарының енуімен күрделене түсті. Қазіргі таңда Қазақстанда 18 конфессиядан тұратын 3720 діни бірлестік жұмыс жасауда. Осындай өзгерістер аясында барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері үшін экономикалық, әлеуметтік, мәдени, діни жандандыру бірдей мүмкіндіктері қамтамасыз етілген және халықтың біртұтастығы, ізгілік, ұлт құқықтары мен адам құқықтарын үйлесімді ұштастыру қағидалары ең күшінде көрініс тапқан сан алуан мәдениетті және конфессиялы қоғамда келісім мен төзімділікті қалыптастыру ісіндегі Қазақстанның жетістіктері айқын көрінеді.

Бұл жетістіктерге арқау болып отырған Елбасының мәдениетаралық және дінаралық ұнқатысуды дамы-

ту мақсатында іске асырылған бастамаларының алғашқыларының бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы еді. Еліміздегі барлық ұлт өкілдеріне өз тілінің дінін, мәдениетін өркендетуге мүмкіндік беруді мақсаты қоғамдық келісім мен бейбітшілікті қалыптастыруға арқау болған даусы. Шет елдерде баламасы жоқ мұндай институт қызметінде, тіпті әлемдік өркениетаралық және конфессияаралық ұнқатысудың мәселелерін шешуде қолдануға болатын мол тәжірибе жатыр.

Осыған орай елімізде Елбасының бастамасымен үш жыл сайын өткізіліп тұратын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің құнфессияаралық келісімді нығайтуда халықаралық деңгейдегі орны ерекше. Әр съездің өз алдына күрделі мақсаттар қойып, соны жүзеге асыруда қыруар жұмыстар атқарып келеді.

2018 жылдың 10-11 қазан күндері Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VI съезі «Діни көшбасшылар қауіпсіз әлемді жақтайды» тақырыбында жалпы отырыс Президент Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен өтті. Елбасы өз сөзінде Қазақстан мен Астананың жаһандық дәрежеде бітімгерлік, әріптестік, толеранттылық пен жасампаздық идеяларын ілгерілетуге қосқан үлесін атап өтті. Конгресс Қазақстанға бүкіл өлем алдында ұлттық консенсусты және қоғамды біріктіруін көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдайтын мол тәжірибеге ие және осы секторда кең де тиімді ынтымақтастыққа дайын ел екендігін осындай іргелі қадамдар дәлелдейді.

Ә.НҰРЛАН, ҚР ҚДМ ҚКҚ Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы діни бірлестіктерді зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері


ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

(Жезқазған уақыты бойынша)

	Апта күні	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Шам	Құптан
1	Жексенбі	05:15	06:44	13:32	18:13	20:14	21:43
2	Дүйсенбі	05:17	06:45	13:32	18:11	20:12	21:40
3	Сейсенбі	05:18	06:46	13:32	18:09	20:10	21:38
4	Сәрсенбі	05:20	06:48	13:31	18:08	20:08	21:35
5	Бейсенбі	05:22	06:49	13:31	18:06	20:06	21:33
6	Жұма	05:24	06:50	13:31	18:05	20:04	21:31
7	Сенбі	05:25	06:52	13:30	18:03	20:02	21:28
8	Жексенбі	05:27	06:53	13:30	18:02	20:00	21:26
9	Дүйсенбі	05:29	06:54	13:30	18:00	19:58	21:24
10	Сейсенбі	05:30	06:56	13:29	17:58	19:56	21:21
11	Сәрсенбі	05:32	06:57	13:29	17:57	19:54	21:19
12	Бейсенбі	05:33	06:58	13:29	17:55	19:52	21:17
13	Жұма	05:35	07:00	13:28	17:53	19:50	21:14
14	Сенбі	05:37	07:01	13:28	17:52	19:48	21:12
15	Жексенбі	05:38	07:02	13:28	17:50	19:46	21:10
16	Дүйсенбі	05:40	07:04	13:27	17:48	19:44	21:08
17	Сейсенбі	05:41	07:05	13:27	17:46	19:42	21:05
18	Сәрсенбі	05:43	07:07	13:26	17:45	19:39	21:03
19	Бейсенбі	05:44	07:08	13:26	17:43	19:37	21:01
20	Жұма	05:46	07:09	13:26	17:41	19:35	20:58
21	Сенбі	05:48	07:11	13:25	17:39	19:33	20:56
22	Жексенбі	05:49	07:12	13:25	17:38	19:31	20:54
23	Дүйсенбі	05:51	07:13	13:25	17:36	19:29	20:52
24	Сейсенбі	05:52	07:15	13:24	17:34	19:27	20:50
25	Сәрсенбі	05:54	07:16	13:24	17:32	19:25	20:47
26	Бейсенбі	05:55	07:17	13:24	17:31	19:23	20:45
27	Жұма	05:57	07:19	13:23	17:29	19:21	20:43
28	Сенбі	05:58	07:20	13:23	17:27	19:19	20:41
29	Жексенбі	06:00	07:22	13:23	17:25	19:17	20:39
30	Дүйсенбі	06:01	07:23	13:22	17:23	19:15	20:37

Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.

ӨРКЕНИЕТТІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕКІ ЖОЛЫ



Құран – үкімдері адам тәбиғатына лайықты етіліп түскен әрі пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) іс-әрекетімен үлгісі көрсетілген кітап.

Адам баласы Құрандағы міндеттерді орындап, тыйымдарынан тыйылуға бұйрылған. Бұл өркениетті ортаны қалыптастырудың басты шарты болса, Құранда басқа шарттары да ұсынылады. Түсінікті болу үшін бір-екүйін мысалға келтіре кетелік.

Әуелгісі, ғылым іздеу, даналыққа ұмтылу. Қасиетті Құранда: «Әр елден (әр қоғамнан) бір топ адам діни ілімдерді бүге-шігесіне дейін терең меңгеріп, қайтып оралғанда қауымына жат қылқыттардан аулақ жүруін ескертуі (яғни, оларға жөн сілтеп, шарият талаптарын үй-

ретуі) керек емес пе?!» («Тәубе» сүресі, 122-аят) делінеді. Бұл аятта бір елді-мекенде өмір сүрген халық арасынан бір тобын дін білімін үйреніп, қайта келіп үйретуі үшін тіпті, жат қылқытты қатарына жаратылыс ғылымынан артта қалуды да кіргізетін болсақ, дүние білімін үйретін бір топ адамды да ғылым-білім жолына жіберулері міндеттеліп тұр.

Аллаға шүкір, елімізде дін білімін терең оқытатын да, пән білімін оқытатын да ЖОО бар, мемлекеттік грант та жылдан-жылға артып келе жатыр. Әйткенмен, бүгінде сол

ЖОО бітірген дін мамандары мемлекеттен айлық алмайды, пән білімі мұғалімдерінің айлығы мез емес. Айлығы төмен болғандықтан, мықты мамандар ауылды елді-мекендерге жұмысқа бармайды, тіпті, мектепті жақсы оқыған балалар бұл мамандықтарға көп қызыға бермейді. Бұл – еліміз үшін де, ертеніміз үшін де алаңдатарлық мәселе.

Осы жерде мынандай бір ойыммен бөлісе кеткенді жөн санадым. Ол – жастарды, әсіресе, ер балаларды көбірек мұғалімдік мамандыққа тарту. Ол үшін иманды азаматтар тарапынан «Қоғамдық қолдау қоры» секілді үкіметтік емес ұйым ашылып, сол қор арқылы мұғалімдік мамандық жетілдірілісе, мұғалімдік мамандықты таңдаған балаларға университетте алаңсыз оқуы үшін, яғни, ыңғайлы жатахана, білімін дамытуға көмектесу, қосымша шәкірт ақы тағайындау (шәкірт ақысы жетпей, қосымша жұмыс істеп кетпеуі үшін) және имани тәрбие де берілуі қажет. Оларға қолдау тек университет кезеңімен шектелмей, ертең алыс ауылды жерлерге мұғалім болып бағрандарға да айлығына қосымша қолдау көрсетіліп отыру керек секілді. Сонда имандылық пен мұғалімдік мамандығын қатар дамытқан жастар, еліміздің түпкір-түпкіріне барып еңбек ете алады. Бұл еліміздің көп ұзамай мықты елдердің қатарына айналуына өз септігін тигізеді де сөзсіз. Әйткен, ұрпағымызды иманды, ер мінезді, еліне шынайы жаны аштың, жауапты ісінің мықты маманы етіп тәрбиелейтін, ол – мұғалімдер. Сондықтан, мұғалімдер қауымының мәселесін шешуде мемлекет болып, халық болып жұмыла жұмыс жасалуы тиіс деп білемін.

Екіншісі, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю. Қасиетті Құранда: «(Ұа, мүміндер!) Араларыңдағы (ел-жұртты) ізгілікке шақырып, жақсылықты бұйыратын нәм жа-

мандықтан тыятыңдар, міне, солар – (екі дүниеде де) азаптан құтылып, мақсат-мұратына жеткендер» («Әл-Фимран» сүресі, 104-аят) делінеді. Бұл аятта әрбір адам өзінің хәл-қадеріне ізгіліктің жаршысы болуымен ғана екі дүние бақытына қол жеткізе алатындығы айтылып тұр.

Бүгінде бір бөлім дін жанашыры болатын ер-азаматтардың өзі қоғамдық істерге араласқысы келмей, «Әуелі өз отбасымыз түзеп алайық», «Адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю менің ісім емес» және «Бұл дін адамдарының жұмысы» деген секілді көртартпа көзқарасты алға тарту арқылы имандылық, азаматтық жауапкершілігін мойнына алғысы келмейді.

Бұдан ел-жұртты ізгілікке шақыру белгілі бір адамдардың ғана ісі ме, жоқ елде ұйысып істейтін көптің жұмысы ма? деген сұрақ туындайды. Әрине, бұл көптің ісі. Себебі, сіз осы қоғамда өмір сүресіз, осы қоғамның адамдарымен бірге жұмыс істеп, тіршілік етесіз. Балаңыз өзгелердің балаларымен бірге ойнап, бірге білім алады. Әмір – қауымдастықтан тұрады. Жеке дара өмір сүру мүмкін емес. Демек, сіз бен біз бақытты болуымыз өзгелердің де бақытты болуымен немесе олардың жамандықтан тыйылып, жақсылыққа бет бұруымен болмақ.

Адам білгенін, қолынан келген жақсылықты әуелі отбасы, бала-шағасынан бастауы керек. Сосын айналасындағы туыс-туған дос-жарандың және әріптестерімен жалғаса береді. Ислам кең жағдайда ұстанған дінінің (мәселен испандық) хақтығын, өдемілігін отбасы және туыс-туғанына мейрім танытумен, ал бірге жұмыс істейтіндерге ісіне адал болуымен көрсете алады. Сонымен қатар, оларға керек кезінде дінді жақсылап түсіндіру, сыяластық таныту сынды басқа қырлары да бар.

Ал өзің күнде араласпайтын танымайтын халқыңа, ел-жұртыңа Хақ дінді қалай түсіндіруге, оларды қалай жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюға болады делінсе, оның жауабы ретінде, БАҚ арқылы жақсы іске асады десе қателеспейміз. Яғни, білімді адамдардың жазған-сызғаны, айтқан уағыз-насихатын БАҚ арқылы адамдар жол-жөнекей, жұмыста және үйінде шөй ішіп отырып оқи да, тындай да алады.

Білім адамдары білімін дұрыс жеткізуге тырысса, өзгелер сол білім адамдарының ғылым-білімімен еркін айналысуына, ақиқатты дұрыс жеткізуге қолдау көрсетуі керек. Сонда әрбір адам отбасы, туыс-туған, жора-жолдас және өмір сүрген қоғамындағы өзге адамдардың да ақиқатпен танысуына өз үлесін қосқан болады. Жақсылыққа үндеп, жамандықтан қайтару – мұсылмандық парыз мойнынан түседі.

Қорыта айтар болсақ, мұсылман қоғамы алғашқы қалыптасу кезеңдерінде адамдардың Алланы мойындамауы, топ-топқа бөлінген алауыздық, өсімкорлық, арақұмарлық, қыз балаларды тірдей кему және теңсіздік сияқты қиындықтарды бастан кешті.

Алайда, адамдарға дінді хикметпен түсіндіре отырып, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю ісін күш біріктірудің нәтижесінде жемісті өте білді. Кешегі түрлі күнәлі іс кең таралған жәһилият қоғамын танымастай етіп өзгертті. Сол діни-тарихи тәжірибеден өткен кешегі игілікті іс, бүгінде неге қайта жаңғырмауы керек, неге қоғамдағы жаман іс-әрекеттер, жақсы қасиеттерге өзгермеуі тиіс?

Сәмет ОҚАНУЛЫ, исламтанушы

ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

«Жаһандану» ұғымы ағылшын тіліндегі «global» ұғымынан алынған, оны «әлемдік», «дүниежүзілік» деп аударуға да болады. Ал мағыналық тұрғыдан алғанда, бүкіл әлемді қамтыған, яғни құрлық шеңбері шектелмеген, әлемдік деңгейде жүріп жатқан қандай да бір іс-әрекетті білдіреді. Жаһандану – біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру үдерісіне ілесу дегенді де білдіреді. Осы жаһандану заманында ұлттық сананы қалай қалыптастыруға және дамытуға болады?

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жаһандану жайлы былай дейді: «Жаһанданудың екі түрі бар. Бірі – неоллиберализм. Бұл бағытта шикізат пен жоғары технологиялық өнімдердің бағасының төмендігі сақталмауы арқылы, мемлекеттердің бай және кедей болып екіге жарылуы жүзеге асады. Бұндай жаһандану адамзаттың үстем бөлігінің кедейшілігі мен қараңғылықтан шығуына жол бермейді. Жаһанданудың екінші түрі – мемлекеттер, халықтар, діндер арасындағы ашық пікір алмасу мен төн қатынас арқылы өркениеттің даму жолын таңдауына, әлемдік нарық жағдайында өз үлесін әділ алып отыруына, қай елде тұралығына қарамастан адамдардың төмендігі сақталуына қол жеткізеді».

Қазір барлық мемлекеттер жаһандану жағдайына бейімделіп күн кешуде. Бұл дегеніміз батыстық өркениетті меңгеру жолында ұлттың төл тарихи мен мәдениетін жоғалту қаупі бар деген сөз. Батыстық білімі, ғылымы, технологиясы біздерге қажет-ақ, бірақ шамадан тыс еліктеу дәстүрлі тәрбиелік, адамгершілік құндылықтардан айырады. Сондықтан жаһандануды әрбір ұлт немесе мемлекет өз болмысына қарай бейімдеп сіңіре алса қауіпсіз болары анық. Біз осы уақытқа дейін ұлттық мәдениет пен тіл дін мен діл және басқа да мәселелер түбегейлі шешілді деп айта алмаймыз.

Әрбір халықтың өткен тарихи өз өрнегімен сипатталып, халықтың тағдырына ықпал етеді. Сондықтан



әрбір ұлттың өмірінде, мәдениеті мен рухани-психологиялық келбетінде өткен өмірдің іздері анық көрініп, ұлттық қадір-қасиет пен едет-ғұрыптар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Ал жаһандану үдерісінде қазақ қоғамында, әсіресе келесі ұрпаққа салт-дәстүрді насихаттап, ата салтын жалғастыру үшін ұлттық тәрбиеге көбірек көңіл бөлуіміз керек. Елбасының 2018 жылғы қазан айындағы халыққа жолдаған Жолдауында: «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясатының басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын» деп жастар мәселесіне көбірек көңіл бөлу керектігіне басты назар аударып отыр.

Қазақ халқы балаға тәрбие беру ісін қандаша үлкен даналықтың, көрінісі деп санаған. Ұлттық тәрбиенің ең маңыздысы – әрбір жеке

тұлғаның белгілі бір ұлттың мүшесі екенін сезінуге, ойлануға, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Себебі, талай халықтың дамыған ұлттың жетегінде кетіп, сол ұлтқа сіңіп, жоқ болып кететіні тарихтан аян. Сондықтан да, ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін қоғамда болып жатқан жаңалықтарды ақиқат ретінде қабылдап, озық бөлігін ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналдыра білуіміз керек. Әйткені мұндай жаңалықтарды жастар тез бойына сіңіріп алады. Біздің менталитетімізге еніп жатқан жаңалықтарды ұлттық болмысымызға қарай бағыттап, заман талабына сай әрекет етпесек, тарихи дәстүрлерімізді де жаңғырта алмаймыз.

Жаһандану үдерісіндегі ұлттық тәрбиеде жастарды қазақ халқының өткен тарихын меңгерту және бүгінгі тарихи кезең аясында бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық жағдайдан шығу жолдарын қарастыру секілді екі бағытта тәрбиелеу керек деген пікіріміз. Әйткені, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі, тілі мен діні, сенімі мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен

өткен рухани құндылықтарға мән берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де шешілуіне ықпал етеді. Сондықтан, ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиенің негізгі қағидаларының біріне айналмақ.

Дегенмен, өзіндік «менің» сақтап қалуға ұмтылған халық, өз тарихы мен дәстүрін, ана тілі мен ділін, дінін, мәдениетін сақтап қалу жолында күреседі. Олай болса осы айтқандарымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге қатысты жүзеге асырылуы тиіс әрекеттер.

Бүгінгі қазақ ұлты – «Рухани жаңғыру» аясында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз ел Қоғамдағы жастардың таным-түсінігі мүлде басқаша. Олар өздері қалаған ісімен айналысып, еркін әрекет ете алады. Тіпті ұлттың құрамы ала-құла, яғни отбасының құрамы ала-құла болған соң, тілі де біркелі емес. Кез келген мемлекеттің дамып, үлкендіне көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ болуы шарт. Білімді ұрпақ дегеніміз – инновациялық терең білім алған, технологиялар әлемінде қабілетті, тарихи мен мәдениетін ұғынған, тілі мен дінін сақтаған рухани таза ұлттың ұрпағы.

Рухи мен мәдениеті биік, білімі терең ұлт жаһандану деген алып мұхитта өз келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де бола

02.09.2019

06:05 «Kónil tolylyu», 06:25 «Másele», 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Қайран күндер», 12:00 «Арта», 12:45 «100 бизнес бастауы», 13:00 АҚПАРАТ, 13:10 «Kónil tolylyu», 14:10 «47 баланың анасы», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «Shaууар», 17:00 АҚПАРАТ, 17:15 «BIZBEN BIRGE...», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 АҚПАРАТ, 20:35 «ASHYU ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ», 23:30 «Құбылай хан», 00:20 АҚПАРАТ, 00:55 «Shaууар», 01:45 «Арта», 02:35 «Másele», 03:10 АҚПАРАТ.

06:00 «Тамаша», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Юху и его друзья», 10:30 «Журналистик зерттеу», цикл, «Білім күні», 10:50 Жаңалықтар, 11:00 Спецшылуқ, Послание Президента РК, 12:00 Новости, 12:15 «Клоди в черном 3», 14:00 «Бәрі», 14:45 «Қарлығаш у салғанда», 15:30 «Мерейлі отбасы», 16:00 «Ережесі әңгіме», 17:00

QAZAQSTAN

06:05 «Kónil tolylyu», 06:30 АҚПАРАТ, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Қайран күндер», 12:00 Көңіл толқыны 13:00 АҚПАРАТ, 13:10 «JAN JYLYU», 13:35 «TҮЛҒА», 14:10 «47 баланың анасы», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «Shaууар», 17:00 АҚПАРАТ, 17:15 «BIZBEN BIRGE...», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 АҚПАРАТ, 20:35 «ASHYU ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ», 23:30 «Құбылай хан», 00:20 АҚПАРАТ, 00:55 «Ashyу ала», 01:45 «Shaууар», 02:35 «Jan jyyу», 02:55 «Aqsayу», 03:15 АҚПАРАТ.

ХАБАР

06:00 «Тамаша», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Юху и его друзья», 10:30 «Балтақалде бақытым», 11:00 «Таңғажайып өлем», 12:00 Жаңалықтар, 12:25 «Бір туынды тарихы», 13:00 «Келинка тоже человек», 14:30 «Бәрі», 15:30 «Мерейлі отбасы», 16:00 «Ережесі әңгіме», 17:00 «Қоғамдық талқылау», 17:45 «Жәна - не

03.09.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Kónil tolylyu», 06:30 АҚПАРАТ, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Қайран күндер», 12:00 «Kónil tolylyu», 13:00 АҚПАРАТ, 13:10 «KELBET», 13:40 «Ауылдастар», 14:10 «47 баланың анасы», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «Shaууар», 17:00 АҚПАРАТ, 17:15 «BIZBEN BIRGE...», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 АҚПАРАТ, 20:35 «ASHYU ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ», 23:30 «Құбылай хан», 00:20 АҚПАРАТ, 00:55 «Ashyу ала», 01:45 «Kelbet», 02:10 «Shaууар», 03:00 АҚПАРАТ.

ХАБАР

06:00 «Тамаша», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Юху и его друзья», 10:30 «Балтақалде бақытым», 11:00 «Таңғажайып өлем», 12:00 Жаңалықтар, 12:25 «Алтын бесік», 13:00 «Жәна - не стена», 14:30 «Қарлығаш у салғанда 2», 15:30 «Мерейлі отбасы», 16:00 «Ережесі әңгіме», 17:00 «Одна история», 17:45 «Брат или брак», 19:30 Қорытынды жаңалықтар.

04.09.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Kónil tolylyu», 06:30 АҚПАРАТ, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Қайран күндер», 12:00 «Kónil tolylyu», 13:00 АҚПАРАТ, 13:10 «Serpir», 13:40 «Ауылдастар», 14:10 «47 баланың анасы», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «Shaууар», 17:00 АҚПАРАТ, 17:15 «BIZBEN BIRGE...», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 АҚПАРАТ, 20:35 «ASHYU ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ», 23:30 «Құбылай хан», 00:20 АҚПАРАТ, 00:55 «Ashyу ала», 01:45 «Serpir», 02:05 «Ashyу ала», 02:55 АҚПАРАТ.

ХАБАР

06:00 «Тамаша», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Юху и его друзья», 10:30 «Балтақалде бақытым», 11:00 «Таңғажайып өлем», 12:00 Жаңалықтар, 12:25 «Біздің назарда 13:00 «Брат или брак», 14:30 «Қарлығаш у салғанда 2», 15:30 «Мерейлі отбасы», 16:00 «Қарақатпен шай», 16:45 Тарих, Тағдыр, Тұлға, 17:45 «Я - жених», 19:30 Қорытынды жаңалықтар.

05.09.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Kónil tolylyu», 06:30 АҚПАРАТ, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Қайран күндер», 12:00 «Kónil tolylyu», 13:00 АҚПАРАТ, 13:10 «IMAN OZEGIN», 13:35 «ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ», 14:10 «47 баланың анасы», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «Shaууар», 17:00 АҚПАРАТ, 17:15 «BIZBEN BIRGE...», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 АҚПАРАТ, 20:35 «ӨЗҚАРАС», 22:30 «ASHYU ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ», 23:30 «Құбылай хан», 00:20 «PARASAT MAIDANY», 00:55 АҚПАРАТ, 01:30 «Көзқарас», 01:40 «Ashyу ала», 02:30 «Iman ozeri», 02:50 «Kónil tolylyu».

ХАБАР

06:00 «Тамаша», 07:00 «Юху и его друзья», 07:15 «Макс Грин и инопланетяне», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Юху и его друзья», 10:15 «Макс Грин и инопланетяне», 10:30 «Балтақалде бақытым», 11:00 «Таңғажайып өлем», 12:00 Жаңалықтар, 12:25 Народный контроль 13:00 «Я - жених», 14:30

06.09.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Сәлем Қазақстан!», 09:00 «Мен және менің роботым», 09:25 «ТОЛАҒА», 10:00 «Қайран күндер», 12:00 «АУЫЛДАСТАР», 12:35 «АЙДАҒАР МИНГЕН ШАБАНДОЗ», 14:00 «Бақытты әйел», 15:45 «ТОЙ ЖЫРЫ», 17:40 «MADENIET JAYHARLARY», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 «MÁSELE», 20:35 «Азәлі әлем», 22:40 «ЖҮЗІКТЕР ӘМІРШЕСІ», 01:35 «Mádeniet jayharlary», 02:05 «Másele», 02:40 «Достар».

ХАБАР

06:00 «Ұят болмасын», 06:45 «Бөу, туған жер!», 08:45 Өзін-өзі тану 09:00 «Нилус Холгерссон», 09:40 «Нико 2», 11:00 «Шебер аспаз», 11:30 «Жұлдызды желке-жең», 13:00 «Қарақатпен шай», 13:45 «Сен ғана», 15:45 «Пале снова 17», 17:30 «Балтақалде бақытым», 20:00 «Қызық тілес», 21:00 «7 күн», 22:00 «Загадочная история Бенджамина Баттона», 00:30 Телехикая

07.09.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Qyzуq екен...», 06:55 «Замана бүлбүлдары», 07:25 «Сәлем, Қазақстан!», 08:50 «AQSAYYT», 09:15 «Data job», 10:00 «Қайран күндер», 12:00 «АУЫЛДАСТАР», 12:35 «Жүздіктер өміршісі», 16:00 «Айтыстың аққуы», 17:40 BIR KUN», 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР», 20:00 «АРТА», 20:45 «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ:ЕКІ ЖЫЛДЫҚ АСУ», 21:15 «Azil alemit», 23:00 «Jaidamant», 00:40 «Bir күл», 01:10 «Data job», 01:55 «Aqsayу», 02:15 «Достар».

ХАБАР

06:00 «Ұят болмасын», 06:45 «Сен ғана», 08:30 Самознание, 08:45 «Клод - забавный человек», 09:15 «Планета 5», 10:45 «Шебер аспаз», 11:15 «Қызық тілес», 12:15 «Сені іздедім», 13:00 Тайны, Судьбы, Имена, 13:45 «Загадочная история Бенджаминна Баттона», 16:15 «Қарлығаш у салғанда 2», 19:15 «Portjagan», 21:00 «7 күн», 22:00 «Большая неделя», 23:00 «Меч дракона», 01:00 «Әсем әуен».

08.09.2019

«Вилит», 17:45 «Келинка тоже человек», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 «Балтақалде бақытым», 20:40 Документальный фильм, 21:00 Итоги дня, 21:40 Спецшылуқ, Послание Президента РК, 22:40 «Бәрі», 23:30 «Таңғажайып өлем», 00:30 «Ауырмайтын жол ізде», 01:00 «Ойжүйрік».

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «KazNet», 08:00 Маша и медведь, 10:00 «Абысындар», 11:00 «Косатка», 12:00 «Человек из стали», 15:00 «Big-Group», 15:20 «Кешіккен хат», 18:00 «Бір бойлайы», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Үмітінді үзеб», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Жаза», 00:00 «Кешіккен хат», 02:00 Жаңалықтар, 02:30 Новости «20:30», 03:00 «Ән мен әзіл».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», 07:25 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 08:30 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 09:45 «НОРМАЛА», 10:50 «МОЖНО МНЕ ТЕБЯ ОБНЯТЬ», 14:40 «КУРИЦА», 16:40

стена», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 «Балтақалде бақытым», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Қарлығаш у салғанда 2», 22:30 «Бәрі», 23:15 «Таңғажайып өлем», 00:00 Қорытынды жаңалықтар, 00:40 «Ауырмайтын жол ізде», 01:15 «Ойжүйрік».

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл», 07:00 «KazNet», 07:40 «Әзілстан», 08:40 Маша и медведь, 10:00 «Абысындар», 11:00 «Косатка», 12:00 «Той жыры», 12:50 Маша и медведь, 14:10 «Жаза», 15:20 «Кешіккен хат», 18:00 «Бір бойлайы», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Үмітінді үзеб», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Жаза», 00:00 «Кешіккен хат», 02:00 Жаңалықтар, 02:30 Новости «20:30», 03:00 «Ән мен әзіл».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:45 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 09:00 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «ШЕФ-3. НОВАЯ ЖИЗНЬ», 12:40 «ТАЙНАЯ ЛЮБОВЬ», 14:40 «ЗА ТРИ

20:10 «Балтақалде бақытым», 20:45 Prime time 21:00 Итоги дня, 21:40 «Қарлығаш у салғанда 2», 22:30 «Бәрі», 23:15 «Таңғажайып өлем», 00:00 Қорытынды жаңалықтар, 00:40 «Ауырмайтын жол ізде», 01:15 «Ойжүйрік».

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл», 07:00 «KazNet», 07:40 «Әзілстан», 08:40 Маша и медведь, 10:00 «Абысындар», 11:00 «Косатка», 12:00 «Горд без окон», 13:15 Маша и медведь, 14:10 «Жаза», 15:20 «Кешіккен хат», 18:00 «Бір бойлайы», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Үмітінді үзеб», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Жаза», 00:00 «Кешіккен хат», 02:00 Жаңалықтар, 02:30 Новости «20:30», 03:00 «Ән мен әзіл».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:45 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 09:00 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «ШЕФ-3. НОВАЯ ЖИЗНЬ», 12:40 «ТАЙНАЯ ЛЮБОВЬ», 14:40 «ЗА ТРИ ДНЯ ДО ЛЮБВИ», 16:40 «ӨКІНІШ», 18:00

Открытый диалог 21:00 Итоги дня, 21:40 «Қарлығаш у салғанда 2», 22:30 «Бәрі», 23:15 «Таңғажайып өлем», 00:00 Қорытынды жаңалықтар, 00:40 «Мектеп» деректі драмасы 01:15 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл», 07:00 «KazNet», 07:40 «Әзілстан», 08:40 Маша и медведь, 10:00 «Абысындар», 11:00 «Косатка», 13:00 «Kaz-Net», 13:15 Маша и медведь, 14:10 «Жаза», 15:20 «Кешіккен хат», 18:00 «Бір бойлайы», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Үмітінді үзеб», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Жаза», 00:00 «Кешіккен хат», 02:00 Жаңалықтар, 02:30 Новости «20:30», 03:00 «Ән мен әзіл».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:45 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 09:00 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «ШЕФ-3. НОВАЯ ЖИЗНЬ», 12:40 «ТАЙНАЯ ЛЮБОВЬ», 14:40 «ЗА ТРИ ДНЯ ДО ЛЮБВИ», 16:40

«Қарлығаш у салғанда 2», 15:30 «Мерейлі отбасы», 16:00 «Давайте говорить», 17:00 «Бабалар ізмен», 17:30 «Религия, Сегодня», 17:50 «Той любой ценой», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 «Балтақалде бақытым», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Пале снова 17», 23:15 Khabar boxing 00:45 Қорытынды жаңалықтар, 01:15 «Мектеп» деректі драмасы 01:45 «Әсем әуен».

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл», 07:00 «KazNet», 07:40 «Әзілстан», 08:40 Маша и медведь, 10:00 «Абысындар», 11:00 «Косатка», 13:00 «Kaz-Net», 13:15 Маша и медведь, 14:10 «Жаза», 15:20 «Кешіккен хат», 18:00 «Бір бойлайы», 20:00 Жаңалықтар, 20:30 Новости «20:30», 21:00 «Үмітінді үзеб», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Жаза», 23:50 «Оңай емес», 00:30 «Кешіккен хат», 02:30 Жаңалықтар, 03:00 Новости «20:30», 03:30 «Ән мен әзіл».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:45 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 09:00 «ҚАЙСАР ЖЕСІР», 10:00

марафоны, «Бәрі».

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «KazNet», 07:00 «Күлдірген», 07:30 «Әзілстан», 08:00 Мультфильм, 10:00 «Абысындар», 11:00 «Q-travel», 11:30 «Пушистый монстр», 13:00 «Жәна-не стена», 15:20 Үздік әзілдер 17:00 «Ел аузында», 18:00 «Бір бойлайы», 20:00 «Изоринное за неделя», 20:45 «Біздің ауыл-2», 21:10 «Үмітінді үзеб», 22:10 «Абысындар», 23:10 «Путешествие 2: Таинственный остров», 01:40 «KazNet», 02:40 «Күлдірген».

КТК

07:05 «ҚҰДАЛАР», 08:05 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТІ», 08:00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», 10:00 «ПРОПАВШИЙ БЕЗ ВЕСТИ», 14:00 «Я ТЕБЯ НИКОМУ НЕ ОТДАМ», 18:00 «ЭНДЕР МЕН ЖЫЛДАР», 20:00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», 21:00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ», 22:00 «ОБРАТНАЯ СТОРОНА ЛЮБВИ», 23:00

06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «KazNet», 07:00 «Қаламер», 07:30 «Әзілстан», 08:00 Мультфильм, 10:00 «Абысындар», 11:00 «KazNet», 11:30 «Супергерои», 12:50 «Путешествие 2: Таинственный остров», 15:20 Үздік әзілдер, 17:00 «Той жыры», 18:00 «Бір бойлайы», 20:00 «Сарси ринг», 20:45 «Репортер презентация», 21:00 «Үмітінді үзеб», 22:00 «Абысындар», 23:00 «Восхождение Юпитер», 02:00 «Ән мен әзіл», 03:00 «Күлдірген».

КТК

07:05 «ЭНДЕР МЕН ЖЫЛДАР», 09:00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу 10:00 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», 12:00 «ОБРАТНАЯ СТОРОНА ЛЮБВИ», 16:00 «ӨКІНІШ», 20:30 «ДАУ-ДАМААЙСЫЗ», 21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ», 22:00 «СЛУГИ НАРОДА», 22:30 «ЗЕЛЕНАЯ КАРЕТА», 23:00 «Я АСТРАЯШОУ СВОЕГО ТЕЛА», 01:40 «РЕ САЛМАҒЫ», 03:00 «БАСТА»

«ӨКІНІШ», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ШЕФ-3. НОВАЯ ЖИЗНЬ», 23:40 «ТАЙНАЯ ЛЮБОВЬ», 01:15 «ӨКІНІШ», 02:15 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 03:15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04:00-04:30 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА

06:00 «Q-әлі», 06:30 «Қуырдақ», 06:50 «Элиф», 08:50 «Ледаи Баг и Супер кот», 09:25 «О самом главном», 10:40 «Вокруг света за монетой», 12:50 «Человек-невидимка», 15:10 «Тек қана қыздар», 15:50 «Жаңа келін», 18:15 «Мажор-3», 19:20 «Форс-мажор», 20:30 «Домик на счастье», 21:00 Лотерея 777 21:05 «Домик на счастье», 21:40 «Тек қана қыздар», 22:40 «Элиф», 00:45 «Машина времени», 02:00 «Свах», 03:00 «Жаңа келін», 04:30 «Элиф», 05:15 «Айнаолпай».

31

06:00 Ризамын 07:00 Алдараспан Нысан, Шаншар әзілдер, 08:00 «Адақсан гүмыр», 08:30 What's App, 09:30 «Әзілдер жинағы», 10:20 «Три богатыря и Шамаханская

ДНЯ ДО ЛЮБВИ», 16:40 «ӨКІНІШ», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», тоқ-шоу 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ШЕФ-3. НОВАЯ ЖИЗНЬ», 23:40 «ТАЙНАЯ ЛЮБОВЬ», 01:15 «ӨКІНІШ», 02:15 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 03:15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04:00-04:30 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА

06:00 «Q-әлі», 06:30 «Қуырдақ», 06:50 «Элиф», 08:50 «Ледаи Баг и Супер кот», 09:25 «О самом главном», 10:40 «Машина времени», 11:50 «Свах», 12:50 «Форс-мажор», 13:50 «Мажор-3», 15:10 «Тек қана қыздар», 15:50 «Жаңа келін», 18:15 «Мажор-3», 19:20 «Форс-мажор», 20:30 «Домик на счастье», 21:00 Лотерея 777 21:05 «Домик на счастье», 21:40 «Тек қана қыздар», 22:40 «Элиф», 00:45 «Машина времени», 02:00 «Свах», 03:00 «Жаңа келін», 04:30 «Элиф», 05:15 «Айнаолпай».

31

06:00 Ризамын 07:00 Инфрмбюра 08:00 «Адақсан гүмыр», 08:30 What's App, 09:30

«ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», тоқ-шоу 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ШЕФ-3. НОВАЯ ЖИЗНЬ», 23:40 «ТАЙНАЯ ЛЮБОВЬ», 01:15 «ӨКІНІШ», 02:15 «ЖЕННЕТТИҢ КӨЗ ЖАСЫ», 03:15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04:00-04:30 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН».

7-АРНА

06:00 «Q-әлі», 06:30 «Қуырдақ», 06:50 «Элиф», 08:50 «Ледаи Баг и Супер кот», 09:25 «О самом главном», 10:40 «Машина времени», 11:50 «Свах», 12:50 «Форс-мажор», 13:50 «Мажор-3», 15:10 «Тек қана қыздар», 15:50 «Жаңа келін», 18:15 «Мажор-3», 19:20 «Форс-мажор», 20:30 «Домик на счастье», 21:00 Лотерея LOTO 6/49 /777 /KENO, 21:05 «Домик на счастье», 21:40 «Тек қана қыздар», 22:40 «Элиф», 00:45 «Машина времени», 02:00 «Свах», 03:00 «Жаңа келін», 04:30 «Элиф», 05:15 «Айнаолпай».

31

06:00 Ризамын 07:00 Инфрмбюра 08:00 «Адақсан гүмыр», 08:30 What's App, 09:30 «Әзілдер жинағы», 10:30 «Келіндер байгесі»,

«ӨКІНІШ», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», тоқ-шоу 21:00 ВЕЧЕРНИЕ Н

Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған іс-шаралар БАҒДАРЛАМАСЫ



4 ҚЫРКҮЙЕК, СӘРСЕНБІ
 10.00 сағ. Кетбұқа ескерткішіне гүл қою рәсімі.
 Өтетін орны: Кетбұқа ескерткіші
 11.00 сағ. Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» Халықаралық күйшілер конкурсының салтанатты ашылуы.
 11.30 сағ. Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» Халықаралық күйшілер конкурсының I кезеңі.
 15.00 сағ. Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» Халықаралық күйшілер конкурсының I кезеңінің жалғасы.
 Өтетін орны: С. Қожамқұлов атындағы театр

5 ҚЫРКҮЙЕК, БЕЙСЕНБІ
 10.00 сағ. Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» Халықаралық күйшілер конкурсының II кезеңі.
 Өтетін орны: С. Қожамқұлов атындағы театр
 12.00 сағ. Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» Халықаралық күйшілер конкурсының қонақтары және жеңімпаздарының баспасөз конференциясы.
 Өтетін орны: Тарихи-археологиялық музей
 15.00 сағ. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі. Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» Халықаралық күйшілер конкурсының Гала-концерті.
 Қатысатындар: халық өнерінің айтулы тұлғалары: Біләл Ысқақов, Секен Тұрысбек, Рамазан Стамғазиев, Талғат Мұқыш, Жанғали Жүзбай және Қытай Халық Республикасының күйші, сыбызғышысы Бейліхан Қалиев, Қырғызстан Республикасының күйшісі Дүйсенбек уулу Закирбек.
 Өтетін орны: С. Қожамқұлов атындағы театр
 17.00 сағ. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры солистерінің классикалық музыка көш-концерті.
 Өтетін орны: Халықтар достығы мен мәдениет үйі

6 ҚЫРКҮЙЕК, ЖҰМА
 15.00 сағ. Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған салтанатты жиын
 Өтетін орны: Халықтар достығы мен мәдениет үйі

7 ҚЫРКҮЙЕК, СЕНБІ
 10.30 сағ. «Туған қаламды жырлаймын». Поэзия сағаты.
 11.00 сағ. «Жезқазған саған арналады». Жезқазған келбеті туралы сурет сайысы.
 Өтетін орны: Ғарышкерлер бульвары
 11.00 сағ. Спорттық жарыстар, ұлттық ойындар.
 19.00 сағ. «Менің сүйікті қалам – Жезқазған!». Музыкалық-хореографиялық, театрландырылған шоу – бағдарлама; Қазақстан эстрада және жергілікті жұлдыздардың мерекелік мегаконцерті; Халық серуені.
 22.00 сағ. Лазерлік шоу, мерекелік от шауы.
 Өтетін орны: Алаш алаңы



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Архив саласының ардагері, қадірменді Балтабай Малдыбайұлы!

85 жастың сеңгіріне шығып отырған мерейлі мерейтойыңыз құтты болсын! Өңіріміздегі архив саласының қарыштап дамуына зор үлес қосып, осы саланың білікті мамандарын тәрбиелеуде де айтарлықтай үлес қостыңыз. Сол еңбегіңіздің бүгінде зейнетін көріп отырсыз. Өзіңіздей өнегелі өмір иесін өріптестеріңіз әрқашан мақтан тұтады. Адамгершілігі өзге жұртқа үлгі боларлықтай өзіңізге деңізіз сау болсын дей отырып, ғасырдан да ұзақ ғұмыр тілейміз! Өміріңіздің жалғасы – ұрпақтарыңызбен мың жасаңыз! Абыройыңыз асып, ел құрметіне бөлене беріңіз!

Ізгі тілекпен,
Жезқазған қаласы мемлекеттік архив ұжымы

Құрметті Серік Сарсенбекұлы!

Сіз – сапалы өміріңізді халыққа қызмет етуге арнаған, жарқын болашақ иелерін заманына лайық азамат етіп шығаруға күш-жігеріңізді жұмсаған, қасиетті қарт Ұлытауды көркейтті, гүлдендіруге лайықты үлес қосқан елдің сүйікті ұлысыз. Сіз кешегі уақытта еңбек жолыңызды Совет атқару комитетінде бөлім басшысынан бастап, кәсіподақ комитетінде көп жыл жемісті еңбек еттіңіз. Одан кейін қасиетті Ұлытаудың көркін жақсартуда құрылыс саласында абыройлы-беделді еңбек етіп келесіз. Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге баянды бақыт, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға ырыс-бөреке тілейміз.

Қосағыңызбен қоса ағарып, ұрпағыңыздың қызық-қуанышын көріп, ағайын-туысқа ақылшы болып ортамызда жүре беріңіз.

Ізгі ниетпен: қарындасыңыз – Айтжан Жиендеріңіз; Абахан-Гульнур, Мейрлан-Қаракөз, Махмуд-Жаннұр Жиеншарларыңыз; Тамирлан, Милана, Диана, Аруна, Жасмин, Раяна.

Құрметті жезқазғандықтар! Сіздерге 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай өтетін мерекелік бағдарламаны ұсынамыз!

30 ТАМЫЗ, ЖҰМА

15.00 сағ. Конституция күніне арналған мерекелік кешкі концерт
 Өтетін орны: Алағашқы құрылысшылар алаңы

19.00 сағ. Конституция күніне арналған іс-шаралар циклы:
 – Мерекелік концерт;
 – «Ата заң – азат елдің ар-намысы» тақырыбындағы жастардың флешмобы;
 – Көпшілік-спорттық ойындар: шахмат, садақ ату;
 – «Аланым» жастар театрына кастинг 14-29 жас аралығында;
 – Плакаттар мен суреттер конкурсы;
 Өтетін орны: Ғарышкерлер бульвары

Жезқазған шаһарының жылнамасы

1982 жыл
 Ақпан айында қаладан әуежайға шығар жолдың сол жақ бетінде 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің батырлары А.Иманов, Ә.Жанкелдин және көтерілісші жерлестерімізге арналған «Көтерілісші сарбаздар» ескерткіші орнатылды.
 6 мамырда Жезқазған мешіті КСРО Министрлер кеңесі жанындағы дін істері жөніндегі кеңесте тіркеліп, алғашқы мешіт Комбинатский елді мекенінде екі бөлмелі үйде ашылды.
 6 қазандағы халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің № 400/18 шешімімен қаланың шығысынан батысына қарай орналасқан Суворов көшесі В.Гурбанов есіміне өзгертілді.
 Қазақ КСР ІІМ-нің 12 мамырдағы № 069 және 25 мамырдағы № 044 бұйрықтарына байланысты № 25 өрт бөлімшесінің негізінде ескерілгендіктен өрттен қорғау бөлімі құрылып, оның құрамына өрт сөндіру штабы, байланыс торабы, орталықтандырылған байланыс пункті, № 89 дербес ескерілгендіктен өрт бөлімшесі кірді.
 Жезқазған қаласының көрікті ғимараттарының бірі «Тұрмыстық қызмет үйі» пайдалануға берілді. Онда «Салтанат» тігін ательесі ашылды.
 Облыс ауыл шаруашылығының бір топ озат қызметкерлері тегін туристік жолдамамен Чехословакияға барып қайтты.
 Қарағанды политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалында жаңадан төрт кафедра ұйымдастырылды.
 Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді

АТАУЛЫ КҮН 30 ТАМЫЗ – ТАРИХТА

1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы жалпыхалықтық референдумда қабылданды.
 30 тамыз – Түркия Республикасында Жеңіс күні, Татарстанда республика күні.
 1901 жылы дәл осы күні ағылшын өнертапқышы Хьюберт Сесил Бут шаңсорғышты патенттеді.
 1973 жылы дәл осы күні Кения мемлекетінде пілдерді аулауға тыйым салынды.

2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫ: САБАҚ ЖӘНЕ КАНИКУЛ МЕРЗІМІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ

2019 ЖЫЛҒЫ 29 ШІЛДЕДЕГІ № 337 БҰЙРЫҒЫ БОЙынША ОҚУ ЖЫЛЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕ БАСТАЛАДЫ

1 қыркүйек

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ

1 СЫНЫПТА 33 ОҚУ АПТАСЫ
 2-12 СЫНЫПТАРДА 34 ОҚУ АПТАСЫ

«МЕЙРАМ КҮНДЕРІНЕ ТҮСКЕН САБАҚТАР ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ МӘЗМҮНІНІҢ КІРІКТІЛІГІ ЕСЕРЛЕП ОТЫРЫП, ҚАЙТАЛУҒА АРНАЛҒАН САҒАТТАР ЕСЕБІНЕН КЕЛЕСІ ЖҰМЫС КҮНДЕРІ АУЫСТЫРЫЛАДЫ» ДЕЛІНГЕН МИНИСТР БҰЙРЫҒЫНДА.

ОҚУ ЖЫЛЫ БАРЫСЫНДАҒЫ КАНИКУЛ КЕЗЕҢДЕРІ

1-11 (12) СЫНЫПТАР

КҮЗГІ КАНИКУЛ 7 күн (2019 жылғы 28 ҚАЗАҚСАН – 2020 жылғы 3 АҚПАН)

ҚЫСҚЫ КАНИКУЛ 10 күн (2019 жылғы 28 ЖЕЛТОҚСАН – 2020 жылғы 8 АҚПАН)

КӨКТЕМГІ КАНИКУЛ 13 күн (2020 жылғы 21 НЕІЗРҰҚ – 2 СЕУЕН АРАЛЫҒЫ)

1-СЫНЫПТА: ҚОСЫМША 7 КҮН КАНИКУЛ (2020 ЖЫЛДЫҢ 1-8 АҚПАН АРАЛЫҒЫ)

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



Қойнауы қазынаға толы кенді өлкеңің кемелденуіне, өндірісінің өркендеп, өрге басуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек ардагерлері қашан да құрмет пен қошаметке лайық. Өсіресе, жеті қат жер астында еңбек көрігін қыздырып, табыстың тай қазанын тасытқан шахта шыңырауында шыңдалған кенші-бұрғылаушылардың еңбегі ерен. Кеншілердің кәсіби мерекесі – Шахтер күніне орай «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалы Ф.Смаров атындағы шахтапроходкалуа тресінің басшылығы осы кәсіпорында ұзақ жылдар еңбек етіп, бойындағы қажыр-қайраты мен мол тәжірибесін келешегі кемел кәсіпорынның берекелі істерімен биік бөлестерге көтерілуіне жұмсаған 120 еңбек ардагеріне мерекелік дастархан жайып, сый-сияпатын ұсынды.
 Бір ғана өндіріс саласында ұзақ жылдар табанды еңбек етіп, жасампаз істерімен, толымды табыстарымен кен өндірісінің дамуына айтулы үлес қосқан ардагерлерді трест директоры Қайрат Керімқұлов төл мерекесімен құттықтап, бүгінде көп жылғы еңбегінің зейнетін көріп отырған қазыналы қарттарға мықты денсаулық, бақуатты тұрмыс, отбасы амандығын тіледі. Ардагерлерге ескерткіш сый-сияпаттар ұсынып, Алғыс хаттармен марапаттады. Корпорацияның «Кәсіп Қорған» кәсіподақ ұйымының төрағасы Тоғызбай Тәжібенов те ардагерлерді мерекесімен құттықтады.
 Кәсіби мереке қарсаңында арнайы дастархан жайып, сый-құрмет көрсетіп отырған трест басшылығына алғыс айтып, батасын берген Қарағанды облысының Құрметті азаматы Мұзафар Аханов шахта астындағы қарбалас жұмыстардың көшбастаушысы болып, қашан да алда жүретін проходкашы-бұрғылаушыларға қауіпсіз еңбек,толымды табыс тіледі. Еңбек ардагерлері Ерболат Джабаганов, Смағұл Есенбаев, Қабибулла Жүнісбеков ардагерлер атынан алғыстарын білдірді.
 Сәтбаев қаласындағы «Әлия» мейрамханасында өткен мерекелік шара барысында өндіріс ардагерлерінің құрметіне әуелете өн шырқалды, күмбірте күй тартылды. Дастархан басында «көз көргендерімен» кездесіп, емен-жарқын өңгіме-дүкен құрып, көтеріңкі көңіл-күйде болған ардагерлер бұл кештен көңілдері марқайып, барына шынығып қайтқандары анық.

Сәуле НҮРЕКЕНОВА

КІТАПХАНА – ОҚЫРМАННЫҢ РУХАНИ АЗЫҒЫ



Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің С.Сейфуллин атындағы кітапхананың «Кітапханаларды дамыту ісі және әдістемелік жұмыс» бөлімінің ұйымдастыруымен оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген құрмет, сүйіспеншілікті қалыптастырып, оқырмандарды ақпараттық салауаттылыққа тәрбиелей отырып, ақпараттық қоғамдағы кітаптың рөлін көтеру, жас оқырманның кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында Кеңгір селосындағы №5 үлгілі кітапхана-филиалында «Кітапханадағы демалыс – оқырманның рухани азығы» атты іс-шаралар легі өтті.

№2 үлгілі кітапхана-филиалы өткізген «Ұлытауға сапар» квест ойыны Ұлытаудың 80 жылдығына арналды. Квест ойынының шарты – дайындалған карта-схемамен Жезқазғаннан Ұлытауға дейінгі жерге сұрақтарға жауап беру арқылы жету. Бұл ойынды ойнау арқылы оқырмандардың Ұлытаудың тарихы жайлы білімдерін тексере отырып, мол мағлұмат берілді. Оқырмандар Ұлытау өңіріндегі тарихи ескерткіштер мен өңірден шыққан ақын-жазушылар жайында білетіндерін көрсетті.
 Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай «Сүйікті қалам» атты өлкетанулық пазл ойынын ұсынды. Ойын барысында қаламыздың көрнекті жерлері жайлы айтылды. Ал М.Әуезов атындағы кітапхана филиалы «Қазақ ғылымының атасы – Қ.И.Сәтбаевқа 120 жыл» атты брей-ринг зияткерлік ойын түрінде өткізді. Жас кітапханашы Айдана Айтбаева Қаныш Сәтбаев жайлы қысқаша мағлұмат бере отырып, ғалымның еңбектері, көрмедегі суреттері, кітаптарын, минерал тастарды да таныстыра өтті. №9 үлгілі кітапхана-филиалы ұйымдастырған «Жезқазған – мыс шаһары» әдебието ойыны барысында оқырмандар өлкенің ақын-жазушылары Ғазиз Ештамаев, Жүрсін Ермаң, Апбас Қаражігітов, Төкен Әлжантегі, Ғалым Жайлыбай, Батырбек Мырзабеков сынды ақын-жазушыларымыздың шығармаларымен танысуға мүмкіндік алды.
 Сөзгерлерден табылған «Отты бұлақ бастауында», «Мыс сапырған кен қазған», Ө.Мұқанов «Почетные граждане города Жезказгана», «Мыс шаһарын қалыптастырған қайраткер», К.Салықов «Жезқазған оларды ардақтайды», С.Қожамсейтов «Қазақ елінің кіндік мекені – Жезқазған», «Жезқазған өңірінің қолданбалы өнер шеберлері», «Сарыарқа саздары» атты кітаптарына шолу жасаған кітапханашылар жиналғандарға ой салды. Ауыл тұрғындары арасынан кітапты үйіне алып, жақын танысқысы келгендер де табылғаны қуантты.
 С.Сейфуллин атындағы кітапхана «Кітапхана» сөзінің мағынасын өз ойлары бойынша ашып айту, сұрақтарға жауап беру арқылы Чайнворд көрме ұйымдастырды. Жеңген оқырмандарға көңіл-танбасы беріліп, сол арқылы жеңімпаздар анықталды.
 Ауыл оқырмандарын кітап оқуға шақырып, кітаптарға деген қызығушылығын арттырған шараның көркін Кеңгір селосындағы «Өркен» үйірмесінің әжелері ауылдың алты ауызымен қыздыра түсті.
 Гүлнәзира СҮЙІНДІКОВА, С.Сейфуллин атындағы кітапхананың кітапханаларды дамыту ісі және әдістемелік жұмыс бөлімінің әдіскері

«БАЛДӘУРЕНДЕГІ» БАЛ КҮНДЕР

Қарағанды облысы әкімінің тапсырмасы бойынша Балқаш көлінің жағалауында орналасқан «Балдәурен» сауықтыру лагеріне жолдама алған жезқазғандық балғындар туған жерге оралды. Оларды теміржол вокзалында ата-аналары мен сыныптастары қарсы алды.
 «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагеріне Жезқазғаннан барлығы 55 оқушы алынды. Олардың қатарында оқу озаттары, көп балалы отбасынан шыққан ұл-қыздар бар. Сонымен қатар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және мүмкіндігі шектеулі балалар да назардан тыс қалмады.
 – Мен лагерге алғашқы рет бардым. Сондықтан болар былғыз жазы демалысым есте қаларлықтай өтті. Еліміздің әр өңірінен өзіме дос таптым. Кемемен жасалған саяхат тіпті керемет, – деп шуласты «Балдәурен» лагерінен келгендер.
 20 күн бойы ойнап, көлге шомылып, күнге қыздырылған балғындардың денсаулығын жақсартуға бағытталған ем-шаралар да жүргізілгенін де айта өткен жөн болар. Лагерьде балаларға массаж жасалып, дәрумендерге толы шөп шайлары берілді.
 Қызықты демалыс сыйлаған «Балдәурен» лагері мен ондағы тәрбиеші, апапайларымен қимастықпен қоштасқан жас жезқазғандықтар жазғы каникулды ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіреді.



Өз тілшіміз